



**«ҚазТрансГаз» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2021 жылғы «10» наурыздың  
шешіміне (№ 4 хаттама)  
қосымша**

**«ҚазТрансГаз» АҚ-тың 2020 жылғы  
жылдық есебі**

**Нұр-Сұлтан қ., 2021**

<b>Мазмұны</b>	
Үндеу.....	3
Компания туралы .....	4
АО «ҚазТрансГаз» АҚ ұстанымын бағалау және 2020 жылдың қорытындысы бойынша оның даму перспективалары .....	Ошибка! Закладка не определена.
2020 жылғы оқиғалар.....	8
«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаты .....	11
«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері .....	13
Инвестициялық қызмет.....	18
Инновациялар .....	26
Жасалуына «ҚазТрансГаз» АҚ-та мүдделілік бар мәмілелер .....	27
Активтер құрылымы .....	27
Негізгі даму бағыттары .....	27
Цифрландыру.....	28
Тәуекелдерді басқару.....	29
Интеграцияланған менеджмент жүйесі .....	Ошибка! Закладка не определена.
Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау	Ошибка! Закладка не определена.
Әлеуметтік жауапкершілік .....	Ошибка! Закладка не определена.
Корпоративтік басқару .....	Ошибка! Закладка не определена.
Тұрақты даму .....	Ошибка! Закладка не определена.
«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобындағы сатып алудағы жергілікті қамту (ЖҚ)	Ошибка! Закладка не определена.
Корпоративтік қауіпсіздік .....	Ошибка! Закладка не определена.
Кредиттік рейтингтер және борыштық қоржынды басқару.	Ошибка! Закладка не определена.
Тәуелсіз аудитордың қорытындысы.....	59
«ҚазТрансГаз» АҚ-тың 2020 жылы Корпоративтік басқару кодексінің принциптерін сақтауы туралы есебі .....	70
Глоссарий.....	Ошибка! Закладка не определена.

## Құрметті «ҚазТрансГаз» АҚ акционерлері мен әріптестері!

2020 жыл нақты сынақ болды, өйткені коронавирус пандемиясы сияқты жаһандық қауіп адам қызметінің барлық салаларына әсер етті. Туындаған қиындықтар Қазақстанның мұнай-газ секторын айналып өтпеді.

Бірақ, "ҚазТрансГаз" АҚ компаниялар тобы болып жатқан оқиғалардың ауқымын уақтылы бағалап, батыл шаралар қабылдағанын атап өту қажет. Компания басшылығы жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең қатаң шараларды жедел қабылдап қана қоймай, барлық өндірістік процестерді жоғары деңгейде ұстап тұру, барлық қазақстандықтар үшін тұрақты, іркіліссіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін барлығын жасады.

Жұмыскерлердің едәуір бөлігі қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстырылғанына қарамастан, газ саласы іркіліссіз жұмыс істеді. Өткен жылу маусымы сәтті аяқталып, жаңа жылыту маусымы басталды. Өткен жылы Қарағандыда және Нұр-Сұлтанда екі жаңа өндірістік филиал құрылды, техникалық шарттар беру және астаналық абоненттерді газбен жабдықтау желілеріне қосу басталды.

Халықаралық келісімдерге келетін болсақ, барлық транзиттік жеткізілімдер, экспорттық міндеттемелер "ҚазТрансГаз" АҚ тарапынан жасалған келісімшарттар шеңберінде тұрақты жүзеге асырылды.

"ҚазТрансГаз" АҚ компаниялар тобы барлық өндірістік жоспарларды орындады. Өткен жылы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша "ҚазТрансГаз" АҚ мынадай көрсеткіштерге қол жеткізді: газды магистральдық тасымалдау 86 590 млн.м3, оның ішінде ішкі тасымалдау - 20 165 млн. м3; газды экспортқа тасымалдау - 19 693 млн. м3; халықаралық транзит - 46 732 млн. м3. Өткен жылы газ өткізу - 22 663 млн.м3, табиғи газ өндіру - 326 млн. м3, газ конденсатын өндіру - 15,2 мың тоннаны құрады.

Өткен жылы "стратегиялық ұлттық игілік" болып табылатын "Бейнеу-Бозой-Шымкент" магистральдық газ құбыры толық қуатына шықты. Күрделі магистраль жүйесінің соңғы элементі болып табылатын "Үстірт" компрессорлық станциясы пайдалануға берілді.

ҚазТрансГаз салған "Қазақстан-Қытай" және "Бейнеу-Бозой-Шымкент" сияқты қазіргі заманғы газ магистралдарының арқасында біз газдың тұрақты экспортын және елдің оңтүстігі бағытындағы батыс өңірдегі кен орындарынан сенімді ішкі газбен жабдықтауды қамтамасыз еттік.

ҚТГ мен NCOC арасында 2042 жылға дейін ілеспе табиғи шикі газды алу жөнінде қызметтер көрсету туралы келісімге қол қойылды, бұл 2023 жылдан бастап жыл сайын жылына 800 млн.м3 тауарлық газ алуға мүмкіндік береді.

2020 жылдың қорытындысын шығара отырып, "ҚазТрансГаз" АҚ сынаққа қарамастан кәсіби және келісіліп атқарылған жұмысты көрсеткенін тағы да атап өткен жөн. Барлық жоспарланған жұмыстар орындалды, шетелдік әріптестер мен отандық тұтынушылар алдындағы барлық міндеттемелер сақталды.

## Компания туралы

*"ҚазТрансГаз" компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес құрылған. 2004 жылғы 9 маусымда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы болып қайта аталған. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2004 жылғы 09 маусымдағы №13898-1901-АҚ куәлігін Астана қаласының Әділет департаменті берген.*

«ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ), еліміздің және дүниежүзінің газ нарығында мемлекеттің мүдесін білдіретін, Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ оның Жалғыз акционері.

ҚТГ табиғи газды магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері бойынша тауарлық газ тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарға газ сатумен айналысады, құбыр жолдары мен газ сақтау қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

Есепті кезеңде ҚТГ компаниялар тобына 12 еншілес және тәуелді компания кіреді, олар мынадай бизнес-бағыттар бойынша берілген:

- ресурстық база: «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС, «Отан Газ» ЖШС;
- газды магистральдық тасымалдау: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз-Бішкек» ЖШҚ;
- газды көтерме және бөлшек саудада өткізу: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазРосГаз» ЖШС (сенімгерлік басқарудағы қатысу үлесі 50%);
- сервистік компаниялар: «ҚазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС, «KTG Finance B.V.», «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ.

## Қоғамның ұстанымын бағалау және 2020 жылдың қорытындысы бойынша оның даму перспективалары

Бүгінде Қазақстан жаңа газ нарықтарын белсенді игеруде, атап айтқанда, Еуразиялық газ тасымалдаудың негізгі ойыншыларының бірі болып табылады.

Ресей мен Қазақстан ТМД-ның барлық мемлекеттерінің арасында ең ұзын шекараға ие бола отырып, көлік маршруттарымен, оның ішінде мұнай-газ бағыттарымен тығыз байланысты.

Қазақстанда әрқашан экономиканың мұнай секторын дамытуға басты назар аударылатындықтан, газ біраз уақыт қара алтынның көлеңкесінде қалып қойды. Қазақстандық газ саласы үшін ең серпінді болған кезең ол соңғы 10 жыл.

Қазақстанда "Қазақстан-Қытай" және "Бейнеу-Бозой-Шымкент" заманауи магистральдық газ құбырлары салынды, соның арқасында бізде газ экспорты мен

сенімді ішкі газбен жабдықтау қамтамасыз етіледі. Бұл жобалар соның ішінде ҚТГ қаражаты есебінен іске асырылды. Бұдан басқа, барлық технологиялық инфрақұрылым құрылды, оның мүмкіндіктері қуатты ұлғайтып қана қоймай, газ ағындарын кез келген бағытта әртараптандыру болып табылады, бұл тиімді географиялық жағдайы бар мемлекет үшін өте маңызды.

Ресей Федерациясы мен Қазақстан аумағы арқылы өтетін "САЦ", "Союз", "Бұхара-Орал", "Орынбор-Новопсков" сияқты магистральдық газ құбырлары өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында, 70-жылдарының басында салынды. Әрине, олар физикалық және моральдық жағынан ескірген. Олар айтарлықтай дамыған компрессорлық станциялармен жұмыс істейді, бұл газдың артық шығынын тудырады, сонымен қатар олар жиі жөндеуді қажет етеді. Әрине, мұндай жабдықты мүмкіндігінше тезірек заманауи жабдыққа ауыстыру керек.

Қазір ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп газ саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі Кешенді жоспарының жобасы әзірленуде. Ол Қазақстан аумағы арқылы өтетін қалған магистральдық газ құбырларын диагностикалауды, күрделі жөндеуді және жаңғыртуды қамтиды.



Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы газ нарығындағы маңызды ойыншы ғана емес, сонымен қатар бірлескен жобаларды жүзеге асыруда, экспорттық әлеуетті кеңейтуде Ресей Федерациясы үшін қажетті серіктес болып саналады. Оның үстіне, біздің елдеріміздің Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ынтымақтастығы ортақ нарықты, оның ішінде газ нарығын жүргізуді білдіреді.

Қазақстандағы газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі кен орындарында, соның ішінде мұнай – Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсатты –

Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы), Жаңажол, Өріктау (Ақтөбе облысы) және басқаларында шоғырланған.

Қазіргі уақытта "Амангелді Газ" ЖШС 2000 жылғы 12 желтоқсандағы көмірсутегі шикізатын бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт негізінде Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орындары тобын игеруді жалғастыруда.

01.01.2021ж. жағдай бойынша табиғи газдың қалдық алынатын қорлары мыналарды құрайды: Амангелді кен орнында 12,102 млрд. м3, Жарқұм кен орнында 0,349 млрд. м3 және Айрақты кен орнында 5,118 млрд. м3.

Қазақстан Республикасының нарығында ҚТГ-ның газ қоры мен өндіру көлемі шағын болып табылады және оның үлесі шамамен 1-2%-ды құрайды.

Газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ГБЖ) 21 жер қойнауын пайдаланушы қосылған. Осыған байланысты, ҚТГ Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ілеспе мұнай газын өндіретін жер қойнауын пайдаланушыларды ГБЖ-ға қосу өте маңызды міндет деп санайды.

Қазақстан үшін перспективті транзиттік бағыттардың бірі өткізу қабілеті жылына 55 млрд.м3 болатын "Қазақстан-Қытай" МГҚ болып табылады. Бүгінгі таңда бұл еліміздің мұнай-газ саласындағы ең ірі инвестициялық жоба.

ҚТГ жылдық өткізу қабілеті 227,9 млрд. м3 болатын жалпы ұзындығы 20 мың км-ден асатын (оның ішінде 1 904,76 км газ құбырлары-бұрмалар) Қазақстандағы магистральдық газ құбырларының және ұзындығы 56 мың км-ден асатын газ тарату желілерінің ірі желісін пайдалануды жүзеге асырады.

ҚТГ жалпы белсенді сақтау көлемі 4,6 млрд.м3 болатын Қазақстандағы 3 ірі жерасты газ қоймасын (Бозой, Ақыртөбе, Полторацкое) басқарады. Газ тасымалдау 42 компрессорлық станциямен және 238 газ айдау агрегаттарымен қамтамасыз етіледі.

ҚТГ ел халқының жартысынан астамын тауарлық газбен қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының ішкі нарығына негізгі газ жеткізуші болып табылады. Соңғы жылдары компания еліміздің түрлі облыстарында газ тасымалдау инфрақұрылымы мен тарату желілерін жаңарту және салу бойынша ауқымды жұмыс жүргізгенін атап өту қажет. Тек соңғы жеті жылда үш миллионнан астам қазақстандық газды пайдалану мүмкіндігіне ие болды, халықты газдандыру деңгейі 2013 жылғы 30%-дан 2020 жылы 53,07%-ға дейін өсті және 9,5 млн. астам азаматты құрады. Газдандырылған отандық кәсіпорындар саны екі есеге - 23 725-тен 51 285-ке дейін ұлғайды.

## ГАЗОТРАНСПОРТНАЯ СИСТЕМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



2015-2030 жылдарға арналған газдандырудың бекітілген Бас схемасы жаңа газ құбырларын кең ауқымды салу арқылы ғана емес, сондай-ақ Республика өңірлерін газбен жабдықтаудың баламалы және ұтымды көздерін іздеу арқылы Қазақстанның газға деген ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған. Бұдан басқа, өңірлерді сығылған табиғи газбен газдандыруды ынталандыру және дамыту шеңберінде газды мотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шаралары көзделетін болады.

Қазақстан ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерді жеткізудің көп векторлы қағидаттарына негізделі отырып, табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізілімдері бойынша барлық экономикалық тиімді маршруттарды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте ол үшін шектес елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу маңызды болып қала береді, өйткені транзиттік-экспорттық маршруттар олардың аумақтары арқылы өтеді.

Ішкі тұтынудың өсуін және кері айдаудың едәуір көлемін ескере отырып, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әзірше соншалықты маңызды емес. Экспорттық жеткізілімдердің айтарлықтай өсуі, мысалы, газды кері айдау көлемінің азаюы есебінен мүмкін болады, алайда бұл кен орындарын игерудің технологиялық схемаларында әлі қарастырылмаған.

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауарлық газға шекті көтерме бағаларды Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі жыл сайын бекітеді.

2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2019 жылғы 18 мамырдағы №196 бұйрығына сәйкес тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағалары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы деңгейде сақталды.

Газ саласы мәселелерін шешу үшін ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Маминнің басшылығымен 2020 жылғы 14 тамызда "ҚазТрансГаз" АҚ мәселелері бойынша кеңес өткізілді, онда тауарлық газды ішкі нарыққа өткізудің шығынсыз деңгейіне қол жеткізуді ескере отырып, 2021-2026 жылдар кезеңінде тауарлық газға шекті көтерме сауда бағаларын жыл сайын 15%-ға арттыру қажеттілігі туралы келісім атап өтілді.

Сондай-ақ, Энергетика министрлігіне ұлттық экономика, әділет министрліктерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасына тауарлық газдың шекті бағасының деңгейін күнтізбелік бір жыл ішінде он бес пайыздан астам ұлғайту мүмкіндігі бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесін қарау тапсырылды.












## 2020 жылғы оқиғалар

- 2020 жылғы 27 қаңтарда ҚТГ мен "ҚазМұнайГаз "Барлау Өндіру" АҚ арасында KMG EP RF Holding B. V. (KTG Finance B. V. деп қайта аталды) компаниясының жарғылық капиталындағы "ҚазМұнайГаз "Барлау Өндіру" АҚ қатысу үлесінің 100% сатып алу-сату шарты жасалды. Нидерланд Корольдігінде тіркелген KTG Finance B. V. компаниясын пайдалану ҚТГ компаниялары тобының бірқатар стратегиялық міндеттерін жедел шешуге мүмкіндік береді және халықаралық компаниялармен (банктер, инвесторлар, кредиторлар және т.б.) келісімшарттық қатынастарда контрагенттер мен стратегиялық шетелдік әріптестер тарапынан жиі қойылатын міндетті талап болып табылатын халықаралық (ағылшын) құқықты пайдалануға мүмкіндік береді.
- 2020 жылғы 29 сәуірде Ақтөбе облысының Байғанин ауданында "Бейнеу-Бозой-Шымкент" МГҚ 155 км-де "1А" КС пайдалануға берілуімен "ББШ МГҚ 4 КС салу" инвестициялық жобасын іске асыру аяқталды. ББШ МГҚ қуаттылығы жылына 15 млрд. м<sup>3</sup> дейін жеткізілді.



- 2020 жылғы 30 сәуірде Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде электрондық сауда аландарынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газының шекті бағаларын айқындау қағидаларына өзгерістер енгізілді.
- НҚА енгізілген өзгерістерге сәйкес тұтынушылардың жаңа санаттары көзделген:
  - - өнеркәсіптік тұтынушы-мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын инвестор;
  - - сығылған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын заңды тұлға ("ҚазТрансГаз Өнімдері" ЖШС);
  - - электр энергиясын өндіру үшін отын ретінде тауарлық газды пайдаланатын электр станцияларының тізбесіне (ERG) қосылған тұтынушы.
- 2020 жылғы 06 мамырда ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті "Интергаз Орталық Азия" АҚ-ның газды магистральдық тасымалдау тарифін 2020 жылға "Сарыарқа" МГҚ-ны ескере отырып, 2 212 теңгеден 2 367 теңге/мың м3 дейін ұлғайтты.
- 2020 жылғы 15 мамырда номиналдан төмен баға бойынша еурооблигацияларды сатып алу жолымен 43,7 млн. АҚШ доллары сомасына еурооблигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылды, соның нәтижесінде шамамен 2,2 млн. АҚШ доллары мөлшерінде оң нәтижеге қол жеткізілді. Купондық сыйақыны төлеу бойынша одан әрі үнемдеу шамамен 14,3 млн.
- ҚР Энергетика министрлігінің 2019 жылғы 18 мамырдағы №196 бұйрығымен 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге шекті көтерме бағалар 2019 жылғы деңгейде сақталды.
- Алғаш рет Нұр-сұлтан қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстары үшін 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 30 маусымға дейін 24 537 теңге/мың м3 мөлшерінде газдың шекті көтерме бағасы бекітілді.
- 2020 жылғы 22 мамырда "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №6/2020 хаттамасы, 16-тармақ) "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-тан ҚТГ пайдасына "ҚазМұнайГаз-Сервис NS" АҚ акцияларының 100% пакетін иеліктен шығаруды жүзеге асыру туралы шешім қабылданды.
- ҚР Ұлттық экономика министрлігі 2020 жылғы 1 қарашадан бастап 2021 жылғы 31 қазанға дейін қолданысқа енгізе отырып, ҚҚС-сыз 4 107,87 теңге/мың м3 мөлшерінде Нұр-сұлтан қаласының газ тарату желілері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметтерінің оңайлатылған тәртіппен тарифін бекітті.
- Нұр-сұлтан қаласының тұтынушылары үшін тауарлық газды өткізудің түпкілікті бағасы белгіленген, ол ҚҚС-сыз 30 910,02 теңге/1000 м3 құрады.
- 2020 жылғы 30 маусымда ҚТГ "Интергаз Орталық Азия" АҚ-мен және "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ-мен бірлесіп, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі алдындағы жалпы сомасы 63,7 млрд.теңгеге қолданыстағы берешекті қайта қаржыландыруды жүзеге асырды, оның нәтижелері бойынша қарыз алу құны төмендеді және ковенанттық пакет жақсарды.
- 2020 жылғы 16 қарашада ING Bank N. V. бастаған банктер синдикаты 2018 жылы берген синдикатталған қарызды "ВТБ Банк" ЖАҚ-мен және "ВТБ Банкі (Қазақстан)" АҚ-тың ЕҰ-мен жалпы сомасы 200 млн, АҚШ доллары Ресей

рублі баламасымен үш жыл мерзімге кредиттік келісім жасасу жолымен қайта қаржыландыру жүргізілді. Қарызды қайта қаржыландыру корпоративтік кепілдіктің күшін жоюға, қаржылық ковенанттарды жоюға және валюталық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік берді.

-  Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 25 қарашадағы №791 қаулысымен "Интергаз Орталық Азия" АҚ-ның артықшылықты акцияларын белгіленген тәртіппен "ҚазТрансГаз" АҚ-ның 20 740 735 жай акцияларын бір жай акция үшін 10 000 теңге орналастыру бағасы бойынша, "Интергаз Орталық Азия" АҚ-ның артықшылықты акцияларын 5 000 теңге орналастыру бағасы бойынша 41 481 470 дана мөлшерінде төлеу тәсілімен ҚТГ пайдасына иеліктен шығару бойынша мәміле жасалды. Нәтижесінде ҚТГ "Интергаз Орталық Азия" АҚ акциялар пакетінің 100% (жай акциялар 85,60% және артықшылықты акциялар 14,40%) ұстаушы Жалғыз акционері болып табылады.
-  2020 жылғы 20 желтоқсанда "Бозой" ЖГҚ газ сақтау қуатын жылына 4 млрд м3 дейін арттыру жобасын іске асыру аяқталды.
-  "Жекешелендірудің 2014-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысын орындау үшін 2020 жылғы 22 желтоқсанда ҚТГ мен "Еnbek21" ЖШС арасында "Intergas Finance B. V."компаниясының 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шарты жасалды.
-  2020 жылғы 23 желтоқсанда "Бейнеу-Шымкент Газ құбыры" ЖШС ҚТГ алдындағы 48,1 млрд.теңге мөлшеріндегі қаржылық көмекті мерзімінен бұрын өтеді, бұл ҚТГ компаниялар тобының қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға әкелді.
-  2020 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚТГ және Қытай Ұлттық Мұнай-газ корпорациясы арасындағы газ саласындағы ынтымақтастық туралы 2019 жылғы 14 қарашадағы меморандум шеңберінде "Отан Газ" ЖШС құрылды (ҚТГ-ның 50% қатысу үлесі, PetroChina Investment Holding B. V. 50% қатысу үлесі).
-  "АстанаГаз ҚМГ" ЖШС мен "Интергаз Орталық Азия" АҚ арасында 2021 жылға "Сарыарқа" МГҚ жалға беру шартына қол қойылуына байланысты, 2021 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, ҚҚС-сыз 4 551 теңге/мың м3 мөлшерінде 2021 жылға арналған жаңа тариф бекітілді (ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №84-НҚ бұйрығы).
-  ҚТГ Алматы облысындағы "Ұзынағаш" өлшеу торабын қайта жаңартуды аяқтады, бұл "Қазақстан-Қытай" МГҚ мен "БГР-ТБА" МГҚ арасындағы ТР-03 жалғастырғышының өткізу қабілетін 2 есе арттырды және Алматы мен облыс үшін газдың жетіспеу қаупін толығымен жойды.
-  ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қордай ауданының ауылдық елді мекендерін газдандыру жөніндегі тапсырмасы аясында ҚТГ Қордай ауданының 5 елді мекеніне газ құбырын тартты.
-  2020 жылғы 29 желтоқсанда "Бейнеу-Шымкент Газ құбыры" ЖШС (ҚТГ және ТАРLine) қатысушылары 2020-2022 жылдар кезеңінде "Интергаз Орталық Азия" АҚ-дан "Түркістан", "Қорқыт-Ата", "Арал" үш компрессорлық станцияларын сатып алу жөніндегі мәмілені мақұлдады. Қазіргі уақытта "Түркістан" КС жүзеге асырылды.

- 2020 жылғы 29 желтоқсанда ҚР Үкіметі қаулы қабылдады, оған сәйкес "ҚазТрансГаз" АҚ Қашаған кен орнынан жылына 1 млрд.м3 көлемінде шикі ілеспе табиғи газды мемлекет меншігіне алуға уәкілетті тұлға болып тағайындалды (1-кезең).
- 2020 жылғы 31 желтоқсанда "ҚазТрансГаз" АҚ мен NCOC арасында қолданылу мерзімі 2042 жылға дейінгі ілеспе табиғи шикі газды алу жөнінде қызметтер көрсету туралы келісімге қол қойылды, бұл 2023 жылдан бастап жыл сайын 800 млн.м3 тауарлық газ алуға мүмкіндік береді.
- Қарағанды және Нұр-Сұлтан қалаларында екі өндірістік филиал құрылды. Техникалық шарттар беру және астаналық абоненттерді газбен қамту желілеріне қосу жұмыстары басталды.

## **«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары**

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Даму стратегиясына сәйкес Компания табиғи газды экспорттық, сол сияқты ішкі нарыққа жеткізуді ұлғайту үшін газдың ресурстық базасының өсімін қамтамасыз етуге ниеттеніп отыр.

Газ тасымалдау әлеуетін тиімді пайдалану және кірістердегі экспорттық және транзиттік құрамдауышты ұлғайту үшін Компания мыналарға бағытталған:

- **Қазақстан Республикасының газ ресурстық базасын ұлғайту**

Компания Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, оның ішінде кері айдау көлемін қысқарту бойынша игерудің балама нұсқаларын (қабаттық қысымды ұстап тұру технологияларын) айқындау бойынша бірлескен жұмысқа ұмтылатын болады.

Компания газ өндіру, кері айдау және қайта өңдеу тәсілдерін келісу құқығымен газ өндірудің жоғары әлеуеті бар жобаларда мемлекет тарапынан толық құқықты әріптес - Ұлттық оператор мәртебесін алуға және газды перспективті құрылымдарды геологиялық барлау жөніндегі жұмысты күшейтуге ниетті.

Болашақта Компания (Ұлттық оператор) әлеуетті инвесторлармен газ өндіру және өңдеу жобаларына инвестициялау бойынша тартымды шарттарды пысықтайтын болады.

- **Қазақстан Республикасының газ тасымалдау жүйесін салу және жаңғырту**

Инвестиция көлемі 10 жылға 1,9 трлн. теңгеге бағаланатын Қазақстан Республикасының газ тасымалдау жүйесі объектілерін кешенді жаңғырту қажет.

Өткізу қабілеті жылына 10 млрд.м3 болатын жаңа газ құбырын салу есебінен негізгі газ тасымалдау артериясын – "Бейнеу-Шымкент" магистральдық газ құбырын кеңейту қажет. Жаңа газ құбырының құрылысын жеке инвестициялар тарту есебінен қарау жоспарлануда.

- **Қазақстан Республикасының тұтынушыларын іркіліссіз және қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету**

Компания мемлекеттік органдармен мынадай басым бағыттарды/міндеттерді іске асыру арқылы ішкі нарықта газды ұтымды тұтынуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырады:

тасымалдау тарифтерін, газдың көтерме және бөлшек сауда бағаларын кезең-кезеңмен көтеру;

газ құбыры инфрақұрылымы құрылысының бюджеті мен функцияларын жергілікті атқарушы органдардан Ұлттық операторға беру;

экспорттық нетбэк қағидаты бойынша қалыптастырылатын нарықтық бағалар бойынша газды төлеуге қаржылық қабілетті және дайын тұтынушылардың жаңа коммерциялық санатын енгізу;

"Табиғи монополиялар туралы" ҚР Заңына олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін тарифтерге өзгерістер енгізу мүмкіндігі бөлігінде тиісті өзгерістер енгізу;

Газдандырудың бас схемасын өзектендіру.

**• Газдың ресурстық базасын кеңейту жағдайы кезінде газ экспортының көлемдерін үдету**

Бейнеу-Бозой-Шымкент және Қазақстан-Қытай магистральдық газ құбырларының қуаттарын кеңейту Компанияға Қытайға тауарлық газды тұрақты экспорттық жеткізуді өсіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының газ тасымалдау жүйесі объектілерін кешенді жаңғырту сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның өнімділігін ұлғайту үшін Компанияның басым міндеті болып табылады.

**• Мұнай-газ-химиясының перспективті жобаларын газбен қамтамасыз ету**


Компания мұнай-газ химиясының бәсекеге қабілетті саласын құру үшін шикізаттың кепілді көлемін және өндіріс орындарына тасымалдаудың тұрақты жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында мүдделі инвесторлармен өзара іс-қимыл бойынша жұмысты жалғастырады, бұл қосымша жұмыс орындарын құруға және ел экономикасының табысын ұлғайтуға мүмкіндік береді.




## «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері

млн. м3


млн. м3




млрд. м3\*км




млн. м3



млн. тенге



млн. тенге



## ЕТҰ бөлігіндегі негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер

ҚТГ корпоративтік орталығы қызметінің негізгі түрлері сыртқы және ішкі нарықтарда газды өткізу, сондай-ақ газ өткізу, таратушы газ құбырларын тасымалдау және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарға жетекшілік ету болып табылады.

## ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. М3

	2018	2019	2020	2019-ға %
Табиғи газды өткізу	23 931	23 926	23 841	100%
Ішкі нарық (көтер.)	15 014	15 120	15 989	106%
Экспорт	8 917	8 806	7 852	89%



ҚТГ Корпоративтік орталығы бойынша 2020 жылы топшілік операцияларды қоспағанда, табиғи газды өткізу 23 841 млн.м3, оның ішінде экспортқа өткізу – 7 852 млн. м3 құрады.

Ішкі нарықтың тұтынушылары үшін газ жеткізу қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарынан "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ және өзге де газ тарату ұйымдары арқылы, сондай-ақ "Газпром" ЖАҚ-пен СВОП-операциялар шеңберінде жеткізілетін импорттық газды өткізу жолымен жүзеге асырылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ

	2018	2019	2020	2019-ға %
Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс	769 079	919 924	805 557	88%
Жалпы пайда	410 415	417 773	413 891	99%
Таза пайда	112 895	45 710	97 400	213%

### «Интергаз Орталық Азия» АҚ

ИОА 100%-дық ҚТГ-ның еншілес кәсіпорны болып табылады, үш жерасты газ қоймасы мен магистральдық газ құбырларының екі негізгі жүйесін пайдалануды жүзеге асырады:

- "Батыс құбыр желісі" - Орталық Азиядағы қолданыстағы табиғи газ кен орындарына қызмет көрсететін Батыс Қазақстандағы газ құбырлары желілері (Орталық Азия жүйесін, Орал және Ақтөбе газ құбырлары жүйесін қамтиды);

- "Оңтүстік құбыр желісі" - Өзбекстан мен Қазақстан шекарасынан елдің оңтүстік өңірлеріне қазақстандық және/немесе импортталатын газды жеткізетін (Оңтүстік және Қызылорда құбыр жүйесі кіреді) Оңтүстік Қазақстандағы газ құбырларының желісі.


ИОА қызметінің негізгі бағыттары:

- Қазақстан аумағы бойынша Түрікменстаннан және Өзбекстаннан РФ-ға газды транзиттік тасымалдау;
- экспорт үшін газды тасымалдау, атап айтқанда РФ-ға Теңіз және Қарашығанақ газ конденсатты кен орындарынан тасымалдау;
  - Қазақстан аумағы арқылы РФ бір бөлігінен екінші бөлігіне газды транзиттік тасымалдау;
  - Ташкент қ. үшін өзбек газын транзиттік тасымалдау.

Табиғи газды халықаралық тасымалдау "ИОА" АҚ бизнесінің негізгі кіріс құраушысы болып табылады.

#### ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. М3

	2018	2019	2020	2019-ға %
Газ тасымалдау көлемдері	80 134	72 961	57 753	79%
Ішкі нарық	13 568	13 663	14 278	105%
Экспорт	18 873	19 069	12 687	67%
Халықаралық транзит	47 693	40 229	30 788	77%



#### ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ

	2018	2019	2020	2019-ға %
Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс	195 111	236 542	193 163	82%
Жалпы пайда	104 750	135 467	83 767	62%
Таза пайда	59 529	94 182	56 669	60%

ЖГҚ, млн.м3	2018	2019	2020	2019-ға %
ЖГҚ газ іріктеу	1 699	1 806	2 396	133%
ЖГҚ газ айдау	937	1 989	1 898	95%



### Тауарлық-тасымалдау жұмыстары

млрд. м3\*км

Газ тасымалдау жөніндегі ТКЖ көлемі	2018	2019	2020	2019-ға %
ИОА	19 543	22 325	16 302	73%
АГҚ	31 083	28 735	24 668	86%
БШГҚ	6 073	7 334	8 915	122%
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>56 699</b>	<b>58 394</b>	<b>49 885</b>	<b>85%</b>

#### «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ-тың негізгі қызметі газды магистральдық және таратушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсету, маркетинг, сатып алу, тұтынушыларға сату болып табылады.

"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ-тың басым міндеті "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ бар өңірлерде барлық санаттағы тұтынушыларды (халықты, коммуналдық мақсаттағы кәсіпорындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды) авариясыз, үздіксіз және қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету болып табылады.

#### ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. М3

	2018	2019	2020	2019-ға %
Газды таратып тасымалдау	9 848	9 726	10 443	107%
Газды магистральдық тасымалдау	2 622	2 554	2 603	102%



Табиғи газды өткізу	12 378	12 663	13 253	105%
---------------------	--------	--------	--------	------

### ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ

	2018	2019	2020	2019-ға %
Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс	242 042	222 504	233 670	105%
Жалпы пайда	23 421	17 693	18 589	105%
Таза пайда	6 466	6 332	4 108	65%



### «Амангелді Газ» ЖШС

"Амангелді Газ" ЖШС қызметінің негізгі түрлері газ және газ конденсатын өндіру болып табылады.

### ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2018	2019	2020	2019-ға %
Газ өндіру, млн. м3	349	350	326	93%
Газ конденсатын өндіру, тонн	19	17	15	90%

### ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ

	2018	2019	2020	2019-ға %
Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс	13 010	13 048	9 497	73%
Жалпы пайда	8 707	9 092	5 568	61%

Таза пайда	6 035	5 950	3 299	55%
------------	-------	-------	-------	-----

### «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

"ҚазТрансГаз Өнімдері" ЖШС-ның негізгі қызметі көлік қызметтерін көрсету, құрылыс-монтаждау жұмыстары, сығылған табиғи газды сату болып табылады.

### ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ

	2018	2019	2020	2019-ға %
Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс	12 916	14 108	14 377	109%
Жалпы пайда	2 268	2 364	2 263	104%
Таза пайда	473	340	363	107%

### Газ моторлы инфрақұрылымын дамыту

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы №797 қаулысымен СТГ (сығылған табиғи газ) өткізу көлемі, СТГ-дағы автобустар мен коммуналдық техниканың саны және АГТКС (автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы) құрылысы бойынша нысаналы көрсеткіштерді көрсете отырып, 2019-2022 жылдарға арналған табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды кеңейту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

2020 жылы жаңа жобаларға күрделі салымдарға жұмсалатын шығыстардың қысқаруына және пандемияға байланысты шығыстарды оңтайландыруға байланысты АГТКС салу үшін франчайзинг шарттарында жеке инвесторлар тартылады (түсімнен 1% роялти).

Жұмыс істеп тұрған АГТКС - 16, оның ішінде 1 бірлік Атырау қаласында "Akzhayik CNG" ЖШС жеке инвестормен салынып, 2020 жылы пайдалануға берілді.

**2020 жылы** АГТКС-пен СТГ-ның 42,2 млн.текше метрі өткізілді, бұл 2019 жылға қарағанда 28% - ға артық.


### Инвестициялық қызмет

Негізгі стратегиялық басымдықтар мен бизнес-бағыттарға сәйкес ҚТГ-ның ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламасы мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Жаңа газ кен орындарын жете барлау және пайдалануға беру бағдарламасын, инертті газдарды коммерцияландыру жобасын іске асыру.
2. Соңғы тұтынушыларға газ тасымалдау бойынша теңгерімді, сенімді және үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.
3. Өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен олардың сенімділігін, қауіпсіздігін және тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында магистральдық газ құбырлары жүйесін жаңғырту.
4. Қазақстан Республикасының елді мекендерін газдандыру жолымен ішкі газбен жабдықтау нарығын кеңейту.

5. Қазақстан Республикасының транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту.
6. Ресурстық базаны кеңейту.
7. Газ-химиясының бәсекеге қабілетті саласын құру.

**2010-2020жж. кезеңіндегі жаңа инвестициялық жобаларға ҚВЛ,  
ҚҚС-сыз млн. теңге**



*бірлесіп бақыланатын ұйымдар - «АГП» ЖШС, «ГБШ» ЖШС жобаларын ескермегенде*

2020 жылы ҚТГ және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларын іске асыруға күрделі салымдардың жалпы көлемі 74 537 млн.теңгені құрады. Өткен кезеңнің ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда есепті кезеңде инвестициялардың өсуі «ББШ» МГҚ-ға 4 (төрт) компрессорлық станция салу" инвестициялық жобасы шеңберінде Ақтөбе облысының Байғанин ауданында "Үстірт" компрессорлық станциясы (КС-1а) құрылысының жедел қарқынымен байланысты.

**РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ КЕҢЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР**

Қазіргі кезде ресурстық базаны кеңейту үшін төменде көрсетілген инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстарын жүргізіп жатыр:



«Газ кен орындарының Амангелді тобын игеру»;



«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабатының метанын өндіру (геологиялық барлау жұмыстары)».

**«Газ кен орындарының Амангелді тобын игеру» жобасы**

Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту бағдарламасына сәйкес республиканың оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ҚТГ 2000 жылғы 12 желтоқсандағы көмірсутек шикізатын бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт негізінде Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орындары тобын игеруді жалғастыруда.

Жоғарыда көрсетілген келісімшарттың қолданылу мерзімі – 2031 жылға дейін.

Жобаны іске асыру шеңберінде Амангелді кен орнын өнеркәсіптік пайдалану және Амангелді тобының басқа да кен орындарын игеру геологиялық барлау және сейсмикалық жұмыстарды жүргізумен, қорларды есептеумен және қайта есептеумен, сынамалы пайдалану жобаларын, өндіруші ұңғымалар құрылысының жобаларын және кен орнын жайластыру объектілерін әзірлеумен кешенді жүзеге асырылады. Амангелді тобының кен орындарында табиғи газдың бекітілген алынатын қорлары **23 011 млн.м3** құрайды.

2008 жылдан бастап Амангелді кен орны өнеркәсіптік игеру кезеңіне өтті. Қазіргі уақытта 34 ұңғыма пайдаланылуда.

2018 жылғы 24 ақпанда Жарқұм кен орны өнеркәсіптік игеру кезеңіне өтті. Қазіргі уақытта 6 ұңғыма пайдаланылуда.

2017 жылдың қыркүйегінен бастап Айрақты кен орны тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға берілді. № №101-107 жаңа ұңғымаларды бұрғылау нәтижелерінің негізінде 3D сейсмикалық барлау жұмыстары материалдарының құрылымдық және динамикалық интерпретациясы жаңартылды, 3D сейсмика материалдарын қайта өңдеу және қайта түсіндіру бойынша есеп жасалды, есеп "Оңтүстікқазжерқойнауы" геология МД ОҚ кеңесінің отырысында назарға алынды (15.12.2020 ж. №854 хаттама).

"Амангелді Газ" ЖШС барлау активтері Анабай-Малдыбай, Барханная-Сұлтанқұдық, Құмырлы-Қосқұдық, Үшарал-Үшарал Солтүстік және Кемпіртөбе учаскелерінен тұрады.

Бархан-Сұлтанқұдық құрылымында жалпы көлемі 690 шаршы км МОГТ-3D сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілуде.

Өнеркәсіптік игеру басталғаннан бері Амангелді кен орнында 5,25 млрд.м3 табиғи газ және 373,07 мың тонна газ конденсаты өндірілді, оның ішінде 2020 жылы 286,18 млн. м3 табиғи газ және 14,78 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

Жарқұм кен орнын пайдалану басталғаннан бері 76,58 млн.м3 табиғи газ және 566 тонна газ конденсаты өндірілді, оның ішінде 2020 жылы 7,87 млн. м3 табиғи газ және 54 тонна газ конденсаты өндірілді.

Айрақты кен орны пайдаланыла бастағаннан бері 114,67 млн.м3 табиғи газ және 1516 тонна газ конденсаты өндірілді, оның ішінде 2020 жылы 31,70 млн. м3 табиғи газ және 327 тонна газ конденсаты өндірілді.

2020 жылы "Амангелді Газ" ЖШС бойынша 325,75 млн.м3 табиғи газ, 15,16 мың тонна газ конденсаты өндірілді.



**"Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру" жобасы (геологиялық барлау жұмыстары)**

Жоба Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмаларына (26.01.2010 ж. №747 және 10.04.2012 ж. №61-24-39-3) сәйкес жүзеге асырылады.

"Самұрық-Қазына" ҰАҚ АҚ 31.10.2013 ж. шешімімен ҚТГ жоба операторы болып белгіленді.

2015 жылғы 03 сәуірде "Сарыарқа" ӘКК АҚ мен ҚТГ арасында жобаны бірлесіп іске асыру туралы келісім жасалды (I кезең - ҒЗТКЖ шеңберінде геологиялық барлау жұмыстары).

2015-2020 жылдары барлығы келесі жұмыс түрлері орындалды:

- 9 ұңғыманы бұрғылау, оның ішінде: 3 барлау, 5 іздеу және 1 тәжірибелік-өнеркәсіптік;
- қойнауқаттарды интенсификациялау (ГРП) және игеру, алынған газ ағыны;
- АҚШ, ҚХР, Польша зертханаларында негізгі үлгілерді зерттеу;
- КҚМ өндіру перспективтілігін бағалау бойынша техникалық-экономикалық есеп (ТЭЕ) ;
- бұрғыланған ұңғымаларды жылдық зерттеу;
- учаскенің КҚМ қорларын жедел есептеу (С2 санаты бойынша – 5,7 млрд. м3);
- Шерубайнұра учаскесіндегі барлау жұмыстарының жобасы;
- 4 ЖСҚ - №Ш-12, №Ш-13, №Ш-14 және №Ш-15 ұңғымаларының құрылысына техникалық жобалар;
- Шерубайнұра учаскесіндегі барлау салдарын жою жобасы.

2020 жылғы 03 қарашада ҚТГ ИК (№22 хаттама) және 2020 жылғы 22 желтоқсанда "ҚазМұнайГаз" ҰАҚ ИК шешімдерімен (№16-20 хаттама) жобаны іске асыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдады.



### **«Қансу» жобасы**

2015 жылғы 21 қазанда "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттама 17-тармақ) "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-тың 100% қатысу үлесін ҚТГ пайдасына иеліктен шығару туралы мәселе мақұлданды.

2016 жылғы 19 қаңтарда "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Жалғыз қатысушысының ҚТГ-ға ауысуына байланысты Ақтау қаласының Әділет басқармасында "ҚМГ-Қансу Оперейтинг" ЖШС қайта тіркелді.

2016 жылғы 30 мамырда 01.10.2013 ж. №3949-КСҚ №2 келісімшартқа Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ және "ҚМГ-Қансу Оперейтинг" ЖШС арасында Маңғыстау облысында орналасқан Қансу учаскесінде көмірсутекті шикізатты барлауға келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы толықтыруға қол қойылды.

2016 жылғы 22 қыркүйекте ҚР ЭМ пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі орталық комиссиясының отырысында қаралып, келісілді және ҚР ЭМ "Қансу учаскесіндегі мұнай мен газға іздестіру жұмыстарының жобасына №1 толықтыру" жобасы (бұдан әрі – ІЖЖТ) бекітуге қабылданды.

Бекітілген ІЖЖТ сәйкес 2016-2019 жылдарға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізілді.




2019 жылғы 07 ақпанда "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ ИК "Қансу" жобасынан шығу және жоғары геологиялық, экологиялық тәуекелдерге және экономикалық рентабельділікке байланысты Серіктестікті тарату туралы шешім қабылдады.

2019 жылғы 01 қазанда Қансу учаскесінде көмірсутек шикізатын барлауға арналған 01.10.2013 жылғы №3949-КСҚ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталды.

Қазіргі уақытта келісімшарттық аумақты және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты мемлекетке қайтару бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## **ЭКСПОРТТЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ**

Экспорттық әлеуетті кеңейту мақсатында мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда:

-  "Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу»;
-  "Бейнеу-Бозой-Шымкент" МГҚ-да төрт компрессорлық станция салу";
-  "Қашаған" СТГҚ-дан "Мақат-Солтүстік Кавказ" МГҚ-ға дейін компрессорлық станциямен МГҚ салу".

### **"Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу" жобасы**

Жобаны іске асыру мерзімі - 2011-2022жж.

Құны - ҚҚС-сыз 689 201 млн.теңге.

Жобаның мақсаты - Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінің газ қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету, импорттық газға тәуелділікті азайту және Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Газ құбыры бағыты Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумағы арқылы өтеді және мынадай негізгі техникалық сипаттамаларға ие:

- 1 кезең – 2012-2019жж., өткізу қабілеті жылына 6 млрд. м3 дейін;
- 2 кезең – 2013-2019жж., өткізу қабілеті жылына 10 млрд. м3 дейін;
- 3 кезең – 2018-2022жж., өткізу қабілеті жылына 15 млрд.м3 дейін.

"Интергаз Орталық Азия" АҚ салған ұзындығы 1 450 км газ құбырының желілік бөлігі (бір желілік орындауда), вахталық кент, газ өлшеу станциялары, трасса бойындағы өткел, екі "Бозой", "Қараөзек" компрессорлық станциялары және төрт қосымша "Түркістан", "Арал", "Қорқыт-Ата", 1 "А" компрессорлық станциялары пайдалануға берілді.

2020 жылы келесі іс-шаралар орындалды:

- "Бейнеу-Бозой-Шымкент" МГҚ өткізу қабілетін жылына 15 млрд. м3 дейін ұлғайту" жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталды;

- "Түркістан" КС сатып алынды.

2021 жылы "Бейнеу-Бозой" учаскесіндегі трасса бойындағы жолдың, телекоммуникация жүйесі мен СКАДА, Бейнеу газ өлшеу станциясының құрылысын аяқтау және "Бозой" компрессорлық станциясы мен "Бейнеу" газ өлшеу станциясын кеңейту жөніндегі жұмысты бастау жоспарлануда.

Қазіргі уақытта covid-19 пандемиясына байланысты іске асыру мерзімдерінің өзгеруін және "Интергаз Орталық Азия" АҚ-тан төрт компрессорлық станцияны сатып алуды ескере отырып, жобаны түзету бойынша корпоративтік рәсімдер жүргізілуде.



**"Бейнеу-Бозой-Шымкент" МГҚ 4 (төрт) компрессорлық станция салу" жобасы**

Жобаны іске асыру мерзімі – 2018-2020 жж.

Нақты құны - ҚҚС-сыз 192 747 млн.теңге.

Жоба "Бейнеу-Бозой-Шымкент" газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10-нан 15 млрд.м3-ге дейін ұлғайту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде іске асырылады.

2019 жылдың ақпан айында "Бозой-Шымкент" МГҚ учаскесінде "Арал", "Қорқыт-Ата" және "Түркістан"компрессорлық станциялары пайдалануға берілді. "Бейнеу-Бозой-Шымкент" МГҚ газ құбырының қуаты жылына 13 млрд.м3 дейін жеткізілді.



2020 жылғы 29 сәуірде "Бейнеу-Бозой" МГҚ учаскесінде соңғы төртінші "1А" компрессорлық станциясы пайдалануға берілді. Төртінші компрессорлық станцияның іске қосылуымен ҚТГ ішкі нарыққа, сондай-ақ экспортқа газ жеткізудің жоғары сенімділігін қамтамасыз ете отырып, "Бейнеу-Бозой-Шымкент" магистральдық газ құбырының өткізу қабілетін жылына 15 млрд.м3 деңгейіне дейін арттыру жөніндегі ауқымды жобаны іске асыруды аяқтады.

### **"Қашаған" СТГҚ-дан "Мақат-Солтүстік Кавказ" МГҚ-ға дейін компрессорлық станциямен МГҚ салу" жобасы**

Жобаны іске асыру мерзімі-2020-2021 жж.

Нақты құны - ҚҚС-сыз 56 512 млн.теңге.

Жоба қосымша 1 млрд.м3 шикі газды қайта өңдеу қондырғысының құрылысын ескере отырып, Қашаған кен орнында өндіруді ұлғайту жөніндегі кешенді мәселенің бір бөлігі болып табылады.

2020 жылғы 16 наурызда "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ ИК-да жобаны дәйекті іске асыру мақұлданды, 2021 жылғы маусымның соңына дейін аяқтау мерзімімен ЖСҚ әзірлеуге 602 млн.теңге сомасы мақұлданды.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Өңірлерін Газдандыру Жобалары**

■ "Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласындағы газ тарату желілерін жаңғырту, реконструкциялау»;

■ "Жамбыл облысы Қордай ауданының 5 елді мекеніне (Масаншы, Қаракемер, Сортөбе, Бұлар батыр, Аухатты) жеткізуші газ құбырын салу";

■ Нұр-Нұлтан қаласында 2-кезектегі 1 және 2 іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу.

### **"Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, реконструкциялау" жобасы**

Жобаны іске асыру мерзімі – 2018-2021жж.

Құны - ҚҚС-сыз 11 192 млн.теңге.

Жобамен қазіргі уақытқа дейін газбен жабдықтау жүйесіне қосылмаған Алматы қаласының тұрғын аудандарын/жеке үйлерімен учаскелерін газдандыру, сондай-ақ Алматы қаласының қолданыстағы газ тарату желілерін қайта жаңарту көзделген. Жоба қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді, орташа жылдық тұтынуы 15,8 млн.м3 газды құрайтын 4 100 жаңа абонентті қосуға мүмкіндік береді. 2021 жылдың басында 1846 үй қосылған, қалған 2254 үй де газға қол жеткізе алады және мүмкіндігіне қарай қосылатын болады.

01.01.2021 ж. жағдай бойынша 262 км жаңа газ құбырлары салынды және 58 км қолданыстағы газ құбырлары қайта жаңартылды, 30 шкафты газ реттеу пункті, 1 газ реттеу блок пункті орнатылды. 2021 жылдың соңына дейін 40 км газ құбырын, 4 шкафты газ реттеу пунктін қайта жаңарту жоспарлануда.

### **Жамбыл облысы Қордай ауданының 5 елді мекеніне (Масаншы, Қаракемер, Сортөбе, Бұлар батыр, Аухатты) жеткізуші газ құбырын салу**

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Жамбыл облысы Қордай ауданына сапары барысында берген тапсырмасын орындау шеңберінде ҚТГ

өз қаражаты есебінен Қордай ауданының бес елді мекеніне (Масанчи, Сортөбе, Қаракемер, Аухатты, Булар батыр) жалпы ұзындығы 42 км газ құбырын тарту және "Қордай-Шу" автоматты газ тарату станциясын қайта жаңарту жұмыстарын аяқтады.

Нәтижесінде жобаны іске асыру Жамбыл облысы әкімдігімен бірлесіп, халқының саны 62 мыңнан асатын 10 елді мекенді: 7177 тұрғын үйді, 29 әлеуметтік сала объектісін, 243 шағын және орта кәсіпкерлік объектісін табиғи газбен қамтамасыз етті. Тағы 7 елді мекенді газдандыру перспективасы бар. Жұмыстар 2020 жылдың маусым-қазан айлары аралығында орындалды.

### **Нұр-сұлтан қаласында 2-кезектегі 1 және 2 іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу**

1-ші іске қосу кешені шеңберінде АГТС-2-ден "Восток" бас газ тарату пунктіне (ҚГТП) және "Оңтүстік-шығыс" ҚГТП газ беру қамтамасыз етіледі, 2-ші іске қосу кешені шеңберінде "Восток" ҚГТП-дан Интернациональный, Мичурино, Күйгенжар тұрғын аудандарына және қазандықтарға газ беру қамтамасыз етіледі.

83,7 км газ құбырларын салу, 5 газ тарату блоктық пункттерін және 8 газ тарату шкафтық пункттерін орнату жоспарланып отыр. Барлық жұмыстарды 2021 жылғы 31 тамызға дейін аяқтау көзделіп отыр.

## **Инновациялар**

ҚТГ-ның инновациялық дамуы шеңберінде және бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету, ҚТГ компаниялар тобы бойынша қызметті ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында ғылыми-техникалық кеңес (ҒТК) жұмыс істейді.

ҒТК-да инновациялық, ғылыми-техникалық сипаттағы ұсыныстар, ҚТГ құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-техникалық даму бағдарламалары, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобы үшін маңызды техникалық-экономикалық мәні бар әзірлемелер бойынша есептер қаралады.

2020 жылы ҒТК 2 (екі) отырысы ұйымдастырылды, 5 мәселе қаралды:


- "ҚазТрансГаз" АҚ компаниялар тобының бірыңғай техникалық саясаты;
- "ҚазТрансГаз" АҚ компаниялар тобының технологиялық-инновациялық даму бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының Газ тасымалдау жүйесін модельдеу жүйесін әзірлеуге арналған техникалық тапсырманы қарау;
- "Интергаз Орталық Азия" АҚ "Тараз" МГҚБ "Ақыртөбе" ЖГҚ-да сақтау кезінде қабаттардағы газдың нормативтік техникалық ысырабын өзгерту қажеттілігі туралы мәселені қарау;
- "Интергаз Орталық Азия" АҚ "Тараз" МГҚБ "Ақыртөбе" ЖГҚ-да шамамен 65,0 млн.м3 көлемінде белсенді газдың алынбайтын қорларын белсенді газ буферіне ауыстыру қажеттілігі туралы мәселені қарау.

Отырыс қорытындысы бойынша ҒТК мүшелері ұсынылған тұсаукесер материалдарын назарға алды, сондай-ақ іске асырылатын және перспективті жобаларда неғұрлым тиімді технологиялар мен өнімдерді қолдану бойынша ҚТГ ЕТҰ-ға ұсынымдар берілді.

## Жасалуына «ҚазТрансГаз» АҚ-та мүдделілік бар мәмілелер

"Самұрық-Қазына" АҚ тобына кіретін, жасалуына қатысты Қазақстан Республикасының заңында ерекше шарттар белгіленген ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларына сәйкес есепті кезең ішінде "ҚазТрансГаз" АҚ Басқармасы жасалуына "ҚазТрансГаз" АҚ-та мүдделілік бар мәмілелері бойынша 19 шешім қабылдады.

## Активтер құрылымы



## Негізгі даму бағыттары

### Компанияның 2021 жылға арналған жоспары

- Амангелді кен орнының Бархан-Сұлтанқұдық құрылымында 690 шаршы км алаңдағы геологиялық барлау жұмыстарын аяқтау, МОГТ-3D сейсотүсірілім материалдарын өңдеу және түсіндіру бойынша есеп жасау және Бархан құрылымында №Б-5 бағалау ұңғымасының орналасқан жерін нақтылау;
- Компрессорлық станциясы бар "Қашаған" ГКДҚ-дан "Мақат-Солтүстік Кавказ" МГҚ-ға дейін МГҚ салу жобасының ЖСҚ әзірлеуді аяқтау. Жоба Қашаған мұнай-газ кен орнының шикі газының қосымша көлемін өңдеу үшін ГКДҚ салу тұжырымдамасы шеңберінде бастамашылық жасалған. Қашаған кен орнында ГӨЗ және қажетті инфрақұрылым құрылысының басталуын қамтамасыз ету;
- "Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату желілерін қайта жаңарту" жобасын іске асыруды жалғастыру»;

- Нұр-сұлтан қаласында 2-кезектегі 1 және 2 іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу " жобасын аяқтау»;
- "Интергаз Орталық Азия" АҚ салған төрт КС сатып алуды ескере отырып, " Бейнеу-Бозой-Шымкент "газ құбырын салу" жобасын түзету»;
- Құрық ауылында АГРС – 80 қондырғысымен "Жетібай-Құрық "МГҚ құрылысы" жобасы бойынша ЖСҚ әзірлеуді бастау және ПГБ қондырғысымен Сарша елді мекеніне дейін бұру газ құбырын салу»;
- Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғырту және кеңейту бағдарламасын қамтитын газ саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі Кешенді жоспарын 1,9 трлн-ға бекіту. теңге;
- Ресурстық базаны ұлғайту, экспорт көлемін ұлғайту;
- ҚР Премьер-Министрі А. Ұ. Маминнің төрағалығымен өткен 2020 жылғы 14 тамыздағы кеңес хаттамасының шешімдеріне сәйкес ҚТГ 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде газға шекті көтерме сауда бағаларын 15% - ға арттыруды жоспарлап отыр;
- Көтерме сауда бағаларын арттыруды шектеуді 15% алып тастау бөлігінде ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу;
- "Газ және газбен жабдықтау туралы" ҚР Заңына тауарлық газды өткізудің нарықтық бағасы белгіленетін "ірі коммерциялық тұтынушы" жаңа санатын айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу. Нарықтық көтерме бағаны анықтау формуласы = экспорттық " net back»;
- ҚТГ-ға жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін тікелей келіссөздерге қатысуға қатысты "жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Кодексінде газды барлау және өндіру саласында өкілеттіктер беру;
- "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Кодексіне жер қойнауын пайдаланушылардың өндірілетін газды кері айдаудың баламасын зерделеу жөніндегі міндеттемелерін енгізу.

## Цифрландыру

### ҚМГ-ның цифрлық трансформациялау бағдарламасы

ҚТГ өндірістің тиімділігін арттыру және Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа технологиялар мен заманауи тәсілдерді енгізуге ерекше көңіл бөледі.

2020 жылы "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасының жол картасы шеңберінде "Газ құбырлары объектілері бойынша талдамалық геоақпараттық жүйені енгізу" (ТГАЖ) жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ ҚР Энергетика министрлігінің сұрау салуларына сәйкес ТГАЖ жобасын "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасына енгізу туралы шешім қабылданды. Жоба 2020 жылғы 22 қазанда ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Маминнің басшылығымен ҚР Президенті жанындағы цифрландыруды енгізу мәселелері жөніндегі комиссияның кеңейтілген отырысында сәтті көрсетілді.

2021 жылдан бастап 2023 жылы жобаның аяқталуына дейінгі кезеңде ҚР қалалары мен облыстарының газ құбырларының тарату желісін цифрландыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

## **1С базасында ERP жүйесін енгізу жобасы**

АТ-инфрақұрылымы, бизнес-қосымшалар, арнайы технологиялық қосымшалар саласындағы шешімдерді пайдалану бойынша шығындарды төмендету, тұрақтылықты арттыру, тұрақты дамыту үшін, сондай-ақ ҚТГ ақпараттық технологияларды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиясы шеңберінде 2020 жылы 1С базасында бірыңғай ERP-жүйені енгізу бойынша жобаның дайындық бөлігі аяқталды. Іске қосу, диагностикалау, дизайн және тұжырымдамалық жобалау бойынша фазалар іске асырылды. Жобалық құжаттама бекітілді, жоба бюджеті, "диагностика және дизайн" фазасына арналған коммуникациялар мен жұмыстар жоспары өзектендірілді, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобының қамтамасыз ету процестері мен бизнес-функцияларын автоматтандыру үшін кәсіпорын ресурстарын жоспарлаудың бірыңғай платформасының (ERP жүйе) жоғарғы деңгейлі бизнес-процестері модельденді.

Жобаның жоспар-кестесіне сәйкес жұмыстарды 2021 жылдың қараша айында аяқтау жоспарланып отыр.

## **Е-мұрағат – Sifrlыq Muragat**

"Самұрық - Қазына" АҚ бастамасымен "Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау" іс-шарасын жүзеге асыру аясында ҚТГ компаниялар тобы бойынша "Интергаз Орталық Азия" АҚ пилоттық жоба жүргізіп, "Sifrlыq Muragat" цифрлық мұрағат платформасын енгізу бойынша жұмыстар орындалды.

Іс жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес және мұрағаттық құжаттаманы сақтау рәсімдеріне сәйкес ҚТГ компаниялар тобының цифрланған мұрағаттық құжаттары цифрлық мұрағатта сақталатын болады.

## **Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

ҚТГ компаниялар тобында ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру үшін 2019 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде деректердің таралып кетуін болдырмау және зиянды бағдарламалық қамтамасыз етуден қорғау бойынша шешімдер енгізілді, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік бойынша ахуалдық орталықтың қызметтері сатып алынды.

АҚ ахуалдық орталығы заңнамалық нормаларға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне қойылатын талаптарға сәйкестікті, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобы бойынша желінің және соңғы нүктелердің ақпараттық қауіпсіздігін қорғау құралдарын сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

## **Тәуекелдерді басқару**

ҚТГ және оның еншілес ұйымдарының және тәуелді қоғамдарының қызметі өндірістік және өндірістік емес тәуекелдердің әсеріне тартылып отырады. ҚТГ компаниялар тобының стратегиялық және шұғыл мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша қазіргі заманғы сәйкестендіруге, бағалуға және шешімдер қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі факторларының бірі ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінеді.

ҚТГ тәуекелдерін басқару мақсаты бизнестің стратегиялық және шұғыл тұрақтылығының ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

### **2020 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы тәуекелдерін басқару бағдарламасы**

2020 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ тәуекелдерін басқарудың референстік моделін енгізу шеңберінде ішкі бақылау жүйесін (бұдан әрі - ІБЖ) және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (бұдан әрі - ҚҮҚЖ) қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасты.

2020 жылы наурызда ҚТГ-да және «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да жүргізілген ІБЖ мен ҚҮҚЖ ілгерілеу деңгейін бағалаудың сауалнамасының қорытындылары бойынша ІБЖ мен ҚҮҚЖ ілгерілеу деңгейінің көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шаралар қабылданды.

ҚТГ компаниялар тобы тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және мониторинг тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (risk.kmg.kz) (бұдан әрі – ТБАЖ) жүргізіледі.

ҚТГ-да және оның ЕТҰ-сында тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімше және жауапты тұлға компанияның бірінші басшысына бағынысты.

2019 жылғы 2 тамыздан бастап 1 қазанды қоса алғандағы кезеңде ҚТГ мен оның ЕТҰ барлық құрылымдық бөлімшелерінің негізгі жұмыскерлерін тәуекелдерді басқару жөнінде хабардар ету жүргізілді:

1) ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүкін тәуекелдер сәйкестендірілді;

2) тәуекел іске асқан жағдайда залалдың әлеуетті мөлшері айқындалды.

Сонымен қатар 2020 жылы коронавирус пандемиясымен байланысты ҚТГ мен оның ЕТҰ тәуекелдерінің тіркелімі өзектендірілді. ҚТГ мен оның ЕТҰ тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларында «Табиғи әсерлер мен катаклизмалар» (Covid-19) тәуекел-факторы көрсетілді, ҚТГ компаниялар тобының қызметіне әсері бағаланды.

Төменде компанияның қызметіне анағұрлым елеулі әсері бар ҚТГ мен ЕТҰ негізгі тәуекелдері келтірілген.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 24 негізгі тәуекелдер сәйкестендірілді және ҚТГ негізгі тәуекелдер картасында көрсетілді, оның ішінде:

#### **Covid-19 байланысты табиғи әсерлер мен катаклизмалар тәуекелі**

Коронавирус (Covid-19) пандемиясымен байланысты бұл тәуекел әлемде ҚТГ мен оның ЕТҰ жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ стратегиялық және операциялық мақсаттарды орындауға теріс әсер етуі мүмкін.

#### **Контрагент-банктердің өз міндеттемелерін орындамауының тәуекелі**

Қазақстан Республикасындағы банктік қызметтер нарығында қалыптасқан күрделі жағдаймен байланысты қаржы институттары өз міндеттемелерін орындамауы мүмкін. Бұл орналастырылған ақша қаражатын қайтаруды жүзеге асыру бойынша қаржы институттарының мүмкіндіктерінің уақытша немесе толық болмауына әкелуі мүмкін.

**Қаржылық және/немесе қаржылық емес ковенанттарды орындамау тәуекелі**

ҚТГ қарыз алушы және/немесе оның ЕТҰ-сы қарыз алған кезде кепілгер болып табылуымен байланысты ҚТГ-ға қарыздар талаптарымен айқындалған қаржылық және/немесе қаржылық емес ковенанттарды сақтау қажет.

### **Газ сатып алу-сату (экспорт) шартының шеңберінде газ жеткізу бөлігінде міндеттемелерді орындамау тәуекелі**

Тәуекелдің туындауы бірнеше факторлармен шарттасылған:

1. Ішкі нарықта тұтынудың ұлғаюы;
2. Covid-19 байланысты сатып алушы тарапынан газ қабылдаудан бас тарту;
3. Жеткізуші тарапынан міндеттемелердің орындалмауы.

### **Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге талаптарды заңнамалық өзгерту**

Осы тәуекелді іске асыруға мынадай факторлар әсер етеді:

1. «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС кәсіпкерлік (өндірістік-коммерциялық) қызметін жүзеге асыруды шектеу;
2. Бизнестегі 50%-дан астам қатысу үлесін бөтен ұйымдарға беру;
3. Холдингішілік кооперациялардың болмауы;
4. Негізгі серіктеске тәуелділікпен байланысты белгісіздік – ҚТГ және «Самұрық-қазына» ҰӘҚ АҚ (Қор) компаниялар тобымен нарықтық қатынастарға көшу, жалпы негіздерде ҚТГ компаниялар тобы мен Қор өткізетін автокөлікті және арнайы техниканы жалға алу қызметтеріне арналған тендерлерге қатысу.

### **Негізгі серіктеске тәуелділікпен байланысты белгісіздік («Газпром»ЖАҚ)**

Осы тәуекелді іске асыру мынадай факторлармен шарттасылған:

1. «Газпром» ЖАҚ-тың ортаазиялық газ сатып алудан бас тартуы;
2. Еуропаға, оның ішінде Украинаға «Газпром» ЖАҚ-тың газды экспорттық сатып алуды қысқартуы;
3. Ресейдегі экономикалық жағдай, Ресейде ішкі газ тұтыну көлемдерін төмендету;
4. «Газпром» ЖАҚ немесе газ жеткізушілер тарапынан шарттық міндеттемелердің орындалмауы;
5. Контрактілік міндеттемелерді орындау үшін жеткізуші елдердің ресурстық базасының болуы;
6. Әлемдік экономиканың жай-күйі;
7. Климатикалық жағдайлар;
8. Газ жеткізушілер/тұтынушылар-елдеріндегі саяси және экономикалық жағдай;
9. «Газпром» ЖАҚ газ тұтынушылармен саясаты;
10. «Газпром» ЖАҚ-тың газ транзитіне тарифтерді тарифтерді көтеру мәселелеріндегі теріс ұстанымы;
11. Ресей газын өндіру көлемдерін арттыру.

### **АҚШ долларына қатысты теңгенің серпілісі**

Теңгеге, пайыздық ставкаларға, сауда балансының ағымдағы жай-күйіне, инфляция деңгейіне, экономикалық және саяси жағдайларға қатысты АҚШ доллары бағамының өзгерісімен байланысты валюталық жоғалтулар ықтималдығы бар. Тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылауды жүйелендіру және біріздендіру мақсатында ҚТГ тәуекелдерін басқару тізілімін ҚТГ әзірледі және негізгі тәуекелдер Тәуекелдер картасына салынды:

### Тиесілі тәуекел-факторларының деңгейі

<b>Әсері</b>	5		2		1,4,10,11,13,19	17,18
	4					
	3					
	2				15,16	
	1				3,6,7,8,9,12	5,14
		1	2	3	4	5
<b>Ықтималдылық</b>						

№	Тәуекел-факторлардың атауы	Залал мың теңге
		Тиесілі
1	Контрагент-банктердің өз міндеттемелерін орындамауы	10 000 000 жиілік 0,5
2	Стратегиялық серіктестер елдеріндегі саяси режимдердің өзгеруі	11 764 000 жиілік 0,25
3	Салықтық заңнама талаптарын сақтамау	5 000 жиілік 2
4	Қаржылық/ қаржылық емес ковенанттарды орындамау	332 500 000 жиілік 0,5
5	Қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз ету қатарынан шығу (жоғалту)	500 жиілік 2
6		1 500 жиілік 1
7	Қолданыстағы серверлік жабдықтау қатарынан шығу	45 000 жиілік 1
8	Ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қол жеткізу	6 000 жиілік 1
9	Лицензиясыз БҚ қолдану	55 265 жиілік 1
10	Берілген қарыздарды, қаржылық көмекті және т.б. уақтылы емес қайтару	252 000 000 жиілік 1
11		213 632 457 жиілік 1
12	Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқыққа сәйкес әрекеттер	1 (балл) жиілік 1
13	Теңгеге қатысты валюта бағамының өсімі	5 (балл) жиілік 1
14	Табиғи әсер етулер, апаттар	1 (балл) жиілік 2



15	Персонал біліктілігінің төмендігі (жеткіліксіздігі)	2 (балл) жиілік 1
16	Персоналды жеткіліксіз ынталандыру	2 (балл) жиілік 1
17	Мұнайға бағаның қолайсыз өзгеруі	5 (балл) жиілік 3
18	Табиғи әсер етулер, апаттар	5 (балл) жиілік 4
19	Интеграцияланған газ стратегиясын іске асырумен байланысты тәуекелдер	12 480 000 жиілік 1

### «ҚазТрансГаз» АҚ тәуекелдер мәдениетін жетілдіру

1. Тәуекелдер жөніндегі комитет тұрақты негізде жұмыс жүргізеді, ҚТГ мен оның ЕТҰ-сының мақсаттарға қол жеткізуіне теріс әсер ететін барлық елеулі оқиғалар, сондай-ақ 2019 жылдың 4 тоқсанына арналған және 2020 жылдың 1,2 және 3-тоқсандарына арналған тәуекелдер жөніндегі есептер ҚТГ мен ЕТҰ Тәуекелдер жөніндегі комитеттерінің отырыстарында алқалы қарастырылады.

2. ҚТГ компаниялар тобы тәуекелдерін сақтандырып қорғауды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді.

3. Қаржылық тәуекелдер бойынша есептілік пакеті қалыптастырылды – мыналар бойынша тоқсан сайынғы мониторинг жүргізілді:

- елдік тәуекелдер бойынша лимиттерді сақтау;
- контрагент-банктерге міндеттемелер бойынша лимиттер;
- валюталық тәуекелдер;
- валюталар бөлінісіндегі пайыздық алшақтықтар.

### Интеграцияланған менеджмент жүйесі

Тұтынушыларды сапалы, тиімді және қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету және белгіленген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚТГ-да табиғи газды магистральдық газ құбырлары бойынша тасымалдау және тұтынушылар шарттарына сәйкес газды есепке алу бойынша ұсынылатын қызметтердің интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі - ИМЖ) жұмыс істейді және тұрақты жетілдіріліп отырады.

ИМЖ халықаралық және ұлттық стандарттар талаптарына негізделген менеджмент жүйесін біріктіреді:

- Сапа менеджменті жүйесі ISO 9001:2015 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келеді және ұсынылатын қызметтер сапасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және тұтынушылардың мүдделерін қанағаттандыруға бағдарланған;
- Экологиялық менеджмент жүйесі ISO 14001:2015 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келеді және компанияның өндірістік қызметіндегі экологиялық әсерлерді және экологиялық тәуекелдерді басқару жолымен қоршаған ортаны қорғауға бағдарланған;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқарудың бірыңғай жүйесі OHSAS 18001:2007 талаптарына сәйкес келеді және кәсіпорын жұмыскерлерінің және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға, өмірі мен денсаулығын сақтауға бағдарланған;

- Энергетикалық менеджмент жүйесі ISO 50001:2012 стандартының талаптарына сәйкес келеді және энергетикалық ресурстарды, энергияны үнемдеу әлеуетін тиімді пайдалануға және технологиялық процестердің және компанияның газ тасымалдау жүйесінің жабдықтарының энергетикалық тиімділігін тұрақты арттыруға бағдарланған;
- Ақпараттық қауіпсіздік сертификаты ISO 27001:2013 стандартының талаптарына сәйкес келеді, АҚМЖ ақпараттық активтерді қорғауға арналған қауіпсіздікті және мүдделі тараптардың сенімін кепілдендіруді басқарудың тиісті шараларын таңдау болып табылады;
  - «Жетілдіруді тану (Recognized for Excellence), 5 жұлдыз» EFQM жетілдірудің еуропалық моделіне сәйкес сертификат. Компания тұрақты дамуға жетілдіру жолы бойынша одан әрі ілгерілеу мүмкіндігіне ие болады және ұйымның өнімділіктің халықаралық деңгейіне қол жеткізуге ұмтылысын анағұрлым жақсы түрде бағалауға, жақсарту үшін мықты жақтарын және салаларын нықтауға мүмкіндік береді. Компанияның негізгі ниеттері, стратегиялық мақсаттары мен қызметтер сапасын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік қауіпсіздік, энергия тиімдігі және энергия үнемдеу бойынша міндеттемелері ИМЖ саясатында декларацияланған.

## **ИМЖ-ны**

## **сертификаттау**

ҚТГ менеджмент жүйесінің халықаралық және ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігін тәуелсіз бағалау менеджмент жүйесін сертификаттау нысанында жүргізіледі. ҚТГ компаниялар тобы бойынша алғашқы менеджмент жүйелерін ISO 9001, ISO 14001, ИСО 14001, OHSAS 18001 стандарттарының талаптарына сертификаттау 2009-2015 жж. жүргізілді, содан кейін кәсіпорын жыл сайын инспекциялық және ресертификациялық аудиттер барысында менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растайды.

Менеджменті жүйесін сертификаттау бөлігінде ҚТГ компаниялар тобы осы жұмыстарды орындау үшін қажетті халықаралық және салалық аккредитацияларға ие «AFNOR Certification» (Франция), TUV NORD CERT, Сапа менеджментінің еуропалық қоры, CEO EFQM сертификаттау органдарымен ынтымақтасады.

Бастапқыда ИМЖ газ тасымалдауға тұтынушылардың шарттарына сәйкес газды есепке алу және магистральдық газ құбырлары бойынша табиғи газды тасымалдау бойынша қызметтерге қолданбалы сертификатталған, бірақ өндірістік қызметке талаптардың кеңеюімен менеджмент жүйесіде дамыды. Одан әрі ҚТГ компаниялар тобында жобалық-ізвестіру жұмыстарын, күрделі жөндеуді, құрылыс бақылауын жүргізумен байланысты өндірістік процестер әзірленді және сертификатталды. Осыған байланысты ИМЖ қолдану саласын кеңейту және сертификаттау бойынша жұмыс жүргізіледі.

2021 жылы ҚТГ ISO 45001:2018 «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі. Оларды қолдану жөніндегі талаптар мен нұсқаулық» стандартының жаңа нұсқасын енгізуді жоспарлап отыр.

Интеграцияланған менеджмент жүйесі – ҚТГ-ның саладағы көшбасшы ұстанымын сақтауға және сыртқы және ішкі нарықтарда сенімді энергетикалық серіктес ретіндегі репутациясын нығайтуға мүмкіндік беретін компанияның ажырамас және маңызды бөлігі.

## Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

### Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергияны үнемдеу

ҚТГ энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саясатын жүргізеді. ҚТГ компаниялар тобының газды тасымалдау, тарату, өндіру, және жер асты сақтау бойынша ЕТҰ-ның энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы қызметінің бағыттары ЕТҰ-ның энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру туралы іс-шараларында айқындалған.

Энергияны үнемдеу бойынша негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

1. «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Ақтау» МГҚБ «Амангелді Газ» өндірісінде және «Бейнеу» КС-да реактивтік қуаттың автоматтық өтелуі;
2. Электрлі жетектік газ айдағыш агрегаттардың режимдерін, компрессорлық станциялардың жұмыс режимі бойынша электр жабдығының схемаларын, оның ішінде турбокомпрессорлық цехтардың резервтік қуат көздерінің қуат трансформаторларын ажыратуды оңтайландыру;
3. «Интергаз Орталық Азия» АҚ газ турбиналы жетекті компрессорлық станцияларының жүктемесін оңтайландыру;
4. «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Атырау» МГҚБ Мақат ЖӨБ «Мақат» КС №5 ГАА ТКЦ-4 газ айдағыш агрегатын күрделі жөндеу;
5. «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Атырау» МГҚБ Редутский ЖӨБ «Тайман» КС №5 ГАА ТКЦ-4 газ айдағыш агрегатын күрделі жөндеу;
6. «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Ақтау» МГҚБ Опорненский ЖӨБ «Опорный» КС ГТ-750-6 типіндегі ТКЦ-1 №3,4 өстік компрессорлық ГАА-ны тазарту жүйесін енгізу;
7. «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Тараз» МГҚБ электрлі жетектік газ айдағыш агрегаттардың жұмыс режимдерін оңтайландыру;
8. ЕТҰ турбокомпрессорлық цехтарында АВО-газ электр қозғалтқыштарын, қуатты трансформаторларды (резервтік) ажыратумен электр жабдығы жүйелерін оңтайландыру;
9. ЕТҰ әкімшілік және өндірістік үй-жайларында түнгі уақытта, демалыс және мереке күндерінде қазандық агрегаттарының жұмыстары режимдерін реттеу;
10. «Интергаз Орталық Азия» АҚ магистральдық газ құбырының желілік бөлігінде 18 бірлік санда ескірген электрлі химиялық қорғау катодтық станцияларын ауыстыру.

Энергия тиімділігі көрсеткіштерін жақсарту газ тасымалдаудың оңтайлы режимдерін қолданумен және энергияны үнемдеу бойынша іс-шараларды жүргізумен шарттасылған.

2020 жыл үшін ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (бұдан әрі - ОЭР) тұтыну көлемі мыналарды құрады: 1325992,06 тонна үлестік отын (990749,56 мың. м<sup>3</sup>, 80,74 млн. кВт\*с, ЖЖМ 6194,2 т.ү.о.) 2019 жылғы 1815052,52 тонна үлестік отынмен (т.ү.о) салыстырғанда (1528877,45 мың. м<sup>3</sup>, 92,46 млн. кВтс, ЖЖМ 6660,33 т.о.т.) салыстырғанда 36,9%-ға төмендеді.

2020 жылы табиғи газды, электр энергиясын және ЖЖМ-ны тұтыну көлемі мыналардың есебінен қысқартылды:

- Сығымдалған табиғи газды (СТГ) және сұйытылған көмірсутегі газын (СКГ) пайдаланумен байланысты ЖЖМ шығындауды үнемдеу;

- 4,0 МВт-қа дейін бірыңғай қуатты электр жетекті газ айдағыш агрегаттардың жұмыс режимі есебінен электр энергиясын шығындауды үнемдеу;
- КС газ айдағыш агрегаттары жұмысының режимі есебінен газ шығындауды үнемдеу.

2020 жыл үшін дерекөздер бойынша бөліністе үдетілетін (өндірілетін) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі мыналарды құрады:

1. Жылу сорабымен геотермалдық (жылу) энергия өндіру – 625,8 Гкал.

2. Күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – 111 352 кВт\*сағ.

3. Термоэнергиялық генераторлармен электр энергиясын өндіру (ТЭГ - Ренкин циклі) – 1 154 510 кВт\*сағ.

Жалпы тауарлық өнімдер өндірісінің үлестік энергетикалық шығындары, 2020 жылы газ тасымалдаудағы энергияның тиімділік көрсеткіші 0,0163 тҰо /мың теңгені құрады, 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (0,0140 тҰо/мың теңге) 14 %-ға ұлғайған. Бұл ретте, 2019 жылы табиғи газды тұтыну көлемдерінің ұлғаюы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ, «Қазақстан-Қытай» МГҚ бойынша газ көлемдерінің өсуімен байланысты. Энергия шығындарының үлестік деңгейінің төмендеуі «Қазақстан-Қытай» МГҚ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ және «БГА-ТБА» МГҚ магистральдық газ құбырларының транзиттік әлеуетін дамытумен байланысты байланысты.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2015-2020 жж. энергия үнемдеу әлеуеті 71643,404 т.Ұ.о. құрады.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) үнемдеу мыналарды құрады:

2016ж. – 9363,94 т.Ұ.о. (4993 мың кВт\*сағ., 7478,346 мың м3);

2017ж. – 9305,46 т.Ұ.о. (3393,2 мың кВт\*сағ., 6500,5 мың м3);

2018ж. – 12552,32 т.Ұ.о. (4946 мың кВт\*с, 9620,8 мың м3);

2019ж. – 10538,27 т.Ұ.о. (4752 мың кВт\*с, 8507,5 мың м3);

2020ж. – 14055,284 т.Ұ.о. (2001,02 мың кВт\*с, 11802,70 мың м3).

ЖЭР үнемдеудің жыл сайынғы өсімі табиғи газды, электр энергиясын тұтынуды төмендетуге бағытталған энергия үнемдейтін іс-шараларды қолдану есебінен шарттасылған.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ өткізу қабілеттілігін кеңейту бойынша жоба шеңберінде атмосфераға жайылатын зиянды заттар санын төмендететін құрғақ шығарындыларды бәсеңдететін жүйемен «Үстірт» компрессорлық станциясы салынды. Сонымен қатар, басқа да «Арал», «Қорқыт Ата» және «Түркістан» үш компрессорлық станцияда рұқсат етілген экологиялық стандарттарды есепке алумен әзірленген.

«Toyota Hilux» төбелік және бамперлік типтегі автомобиль базасында «ДЛС-Пергам» газдың шығуын табатын мобильдік кешен» - метанның қашықтықтан дабыл берушісі қашықтықтан әдісімен, сынамалар алусыз, қосымша зондтарсыз және өлшеу кюветтерінің периметрі 60 метр табиғи газдың шығып тұрған жерін анықтауға арналған. «ДЛС-Пергам» жұмыс істеген уақытында 3963 газдың шығуы анықталды (31.12.2020 ж. жай-күй бойынша).

Алдыңғы жылдары ЕТҰ-да енгізілген ЖЭК тиімді жұмыс істейді: DLE шығарындыларының төменгі деңгейімен жану жүйесімен газ айдаушы агрегаттар (ГАА); реактивті қуатты өтеуге арналған өтеуші құрылғылар (электр желілерінің реактивті параметрлері); «Waterkotte» типті геотермалды жылу сораптары; монокристалды күн панельдері (батареялары); термоэлектрогенераторлар (Closed

cycle vapor turbogenerator) және автономды режимде жұмыс істейтін блокты жиынтықты электростанциялар (Capstone); энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматтандырылған жүйесі (ЭЕКАЖ), энергияны үнемдейтін жарық беретін жарық көздерін қолдану.

Энергия ресурстарының құнын болжамды ұлғайтуды (табиғи газ, электр энергиясы, ЖЖМ), сондай-ақ оларды тұтынудың өсуін есепке ала отырып «ҚазТрансГаз» АҚ барлық ЕТҰ үшін жалпы міндеттер ОЭР-ға шығындарды энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру бойынша экономикалық ақталған іс-шараларды іске асыру есебінен төмендету болып табылады.

Жанартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалану саласындағы нормативтік және нормативтік-құқықтық құжаттаманы әзірлеу және жетілдіру инвесторларға салынған инвестицияларды қайтаруға және тиісінше, Қазақстан Республикасының аумағында ЖЭК пайдалану саласындағы жобаларды іске асыру және дамыту үшін әлеуетті инвесторларды тартуға мүмкіндік беретін қолдау механизмін құруы тиіс.



### **Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау**

ҚТГ компаниялар тобы өндірістік объектілерінде еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыс қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалық, нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі нормативтік актілеріне, бекітілген 2020 жылғы Еңбекті қорғау, Өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласында ҚТГ компаниялар тобында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөнінде кеңейтілген мәжіліс өткізілді. ЕТҰ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау департаменттері/қызметтері басшыларының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында атқарған жұмыстары туралы есептері тыңдалды. Есептер оң

қабылданды, бұл ретте хаттамалық шешіммен жоғарыда көрсетілген жұмыстарды жақсарту үшін одан әрі міндеттер белгіленді.

ҚТГ компаниялар бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» Жұмыскерлер кодексі орындалуда.



### **Еңбекті қорғау**

Еңбекті қорғау және қоршаған орта жөнінде 100% есептіліктің ашықтығына қол жеткізілді, олар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚТГ компаниялар тобы өндірістік объектілерін барып (іріктеп) тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларымен расталады. ҚТГ компаниялар тобы бойынша есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету ДЕКАЖ бағдарламасында оқиғалардың барлық түрлері бойынша расталған есептерді уақтылы енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарына сәйкес көп деңгейлі бақылау, оқыту және білімдерін тексеру, еңбек талаптары бойынша объектілерді аттестаттау, еңбектің санитарлық-гигиеналық талаптарын жасау, арнайы киіммен қамтамасыз ету, жазатайым жағдайлардан сақтандыру, медициналық және заттай куәландыру бойынша шаралар жүргізілді.

**Есептік кезеңде ҚТГ компаниялар тобы бойынша өндірістік қызметпен байланысты жазатайым жағдайлар жоқ!**

### **Өрт қауіпсіздігі**

ҚТГ компаниялар тобының объектілерінде есептік кезеңде мынадай өртке қарсы іс-шаралар жүргізілді: өрттен қорғайтын өңдеу, жөндеу, өрт сөндіргіштерді куәліктендіру және қайта зарядтау, өртке қарсы шараларға персоналды оқыту және

нұсқаулық беру, автоматты өрт сөндіру және дабыл беру жүйелерін монтаждау, өртке қарсы автоматика, монтаж жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және өртке қарсы сумен жабдықтауды жөндеу.

Объектілерді өрттен қорғауға шарттар жасалды.

### **Өнеркәсіптік қауіпсіздік**

ҚТГ компаниялар тобы бойынша есептік кезеңде мынадай іс-шаралар жүргізілді: құбырларды диагностикалау, құбырлардың ақаулы учаскелерін ауыстыру, крандарды ауыстыру, құбырларды окшаулауды ауыстыру, персоналды оқыту және білімін тексеру, өндірістік объектілерді декларациялау, өндірістік бақылау.

Фонтанға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, объектілерді құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауға шарттар жасалды.

### **Қоршаған ортаны қорғау**

2020 жылы қоршаған ортаға жүргізілген мониторинг нәтижесінде қоршаған ортаға эмиссияға берілетін рұқсаттарды асыру байқалмады. Табиғатты қорғау іс-шараларының стратегиялық жоспарлары ауа бассейнін қорғауды, су және жер ресурстарын, флора мен фаунаны үнемді пайдалануды, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын дұрыс қарауды, басқару жүйелерін және анағұрлым қол жетімді технологияларды енгізуді, ғылыми-зерттеу және жобалық-зерттеу жұмыстарын, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздікті, сондай-ақ экологиялық насихаттау мен жариялауды көздейтін тоғыз негізгі бөлімді қамтиды. Мысалы, компания жүргізген газ тарату жүйелерін жаңғырту ластайтын заттардың және парниктік газдардың шығарындыларын елеулі төмендетуге әкеледі. Атмосфералық ауа және ағынды суларды үздіксіз мониторингтеу қоршаған ортаның жай-күйін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Парниктік газдардың шығарындыларының көздерін жыл сайынғы түгендеу және уәкілетті органға мемлекеттік кадастрда одан әрі тіркеу үшін парниктік газдардың паспорттарын ұсыну бойынша жұмыс жалғастырылуда.

**Есептік кезеңде ҚТГ компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаны қорғауға қатысты айппұлдар жоқ.**

### **Әлеуметтік жауапкершілік**

ҚТГ, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін түсіне отырып, әлеуметтік өрлеуге және қоғамның әл-ауқатының өсуіне өңірлер халқының тұрақты дамуына және әл-ауқатына жәрдемдесуге, өз жұмыскерлерінің әл-ауқат деңгейінің артуына барлық күш-жігерін салады. ҚТГ саясатының негізі – әрбір жұмыскерге қамқор болу, әлеуметтік мәселелерді шешуге басымдық беру.

Бүгінгі күнгі өзгерістер уақытында сыртқы ортаның жағдайларына ұйымдастыруды сәйкестендіруді қамтамасыз ететін инновацияларды уақтылы енгізу қажеттілігі бар. Бұл ретте кадрлық саясат, жұмыскердің мүлтіксіз және тұрақты болуы тиіс негізгі мүдделерін (мысалы, еңбекпен қамту саясаты, еңбекке ақы төлеу) қозғайтын кадрлық саясат бөлігінен басқа сыртқы ортаны ұдайы өзгертетін жаңа талаптарға жауап ретінде іске асыру шарасы бойынша пысықталады.

Кадрлық саясат қолданыстағы тәсілдерді, жолға қойылған әдістерді және

персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені есепке алумен кадрлық менеджмент құралдарын іріктіруге бағытталған, осылайша персоналды басқару саласындағы ҚТГ құндылықтарының корпоративтік жүйесін әзірлеуге және бірыңғай тәсілді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әзірленетін кадрлық саясаттың негізіне мынадай базалық қағидаттар салынған:

- Ашықтық – адами ресурстарды басқарудың барлық процестеріндегі ашықтық;
- Кешенділік – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
- Жүйелік – өзара байланыста саясаттың барлық құрамдас элементтерін қарастыру;
- Негіздемелілік – барынша экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ететіндей персоналды басқару саласындағы қазіргі замандағы ғылыми әзірлемелерді пайдалану;
- Тиімділік – персоналды басқару саласындағы іс-шараларға шығындар өндірістік қызмет нәтижелерімен ақталуы тиіс.



## **Компаниялар тобы жұмыскерлерін әлеуметтік қорғау**

ҚТГ компаниялар тобы ұжымдарда салауатты жұмыс микроклиматын жасауға бағытталған әлеуметтік сипаттағы өсімге үлкен назар аударады, бұл жұмыскерлерге өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауға мүмкіндік береді. ҚТГ жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету саласында бірыңғай корпоративтік саясатты айқындайды және қомақты үлесті материалдық көмек, әлеуметтік қызметтер пакеті құрайтын әлеуметтік сипаттағы төлемдерге үлкен назар аударады.

ҚТГ өз жұмыскерлеріне медициналық сақтандыруды, өтемақыны және материалдық көмекті қамтитын, оның ішінде еңбек демалысы кезеңінде жұмыскерлерінің



емделуіне және сауықтырылуына және басқа да көптеген қызметтерге әлеуметтік қызметтер пакетін ұсынады. Ұжымдық шарттар негізінде және 2020 жылы ҚТГ компаниялар тобы жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларының негізінде материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленді:

- демалыста сауықтыруға материалдық көмек – 4 143 184 мың теңге;
- баласы туған кезде – 156 796 мың теңге;
- жұмыскер отбасы мүшелері қайтыс болуымен байланысты – 3 355 мың теңге;
- жұмыскердің қайтыс болуымен байланысты бір реттік төлем – 1 779 мың теңге;
- жүктілік және бала туу бойынша, жаңа туған ұл және қыз балаларды асырап алу бойынша әлеуметтік көмек – 21 789 мың теңге;
- өзге де төлемдер (некеге тұрған кезде, зейнетке шыққан кезде, мерейтойлық туған күндерде және басқалары) – 71 372 мың теңге.



### **Еңбек жағдайының, жұмыскерлер мен олардың отбасыларының өмірінің сапасы**

Еңбек жағдайының, жұмыскерлер мен олардың отбасыларының өмірінің сапасын қамтамасыз ету үшін ҚТГ компанияларының бюджеттік топтарына жыл сайын Қазақстанның ең үздік медициналық жұмыскерлерінің үлкен спекторын қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат аударылады. Бұл ретте жұмыскерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасында медициналық қызметтердің барлық спекторын ұсынумен қатар сол талаптарда оның отбасына да

(жұмыскердің ата-аналары, әйелі/күйеуі және балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұған қоса сақтандыру компаниясының ұсынылатын қызметтер шеңберінде физиологиялық жүктілік патронажы да көзделген.

Осылайша 2020 жылы ҚТГ компаниялар тобы есебінен 1 346 млн. теңге жалпы сомаға медициналық сақтандыру, оның ішінде «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыскерлерін сақтандыруға 57 млн. теңге медициналық сақтандыру жүзеге асырылды.

Белгілі болғандай, газ саласы жұмыскерлерінің жұмысы көп жағдайда магистральдық газ құбырларымен және ол бір жағынан суық климатикалық жағдайлармен (ауыз су жағдайымен, құмды дауылмен және т.б.), екінші жағынан транзиттік газ құбырлары жиі елдің экологиялық қолайсыз өңірлерінде өтетіндігімен байланысты.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арал өңірі тұрғындарының негізгі жалақысына 20%-дан 50%-ға дейін мөлшерде экологиялық коэффициент аударылады, сондай-ақ 6 күннен 12 күнге дейін санда қосымша демалыс беріледі. Жұмыскерлердің ауыруының алдын алу, сондай-ақ демалыс кезеңінде оларды емдеу және оңалту бойынша жұмыс жүргізіледі.

ҚТГ қомақты үлесті әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер құрайтын әлеуметтік сипаттағы төлемдердің өсуіне үлкен назар аударылады. Бәрінен бұрын, олар ұжымдарда әлеуметтік серіктестік негіздерінде салауатты жұмыс микроклиматын құруға бағытталған, бұл жұмыскерлерге өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ҚТГ жұмыскерлердің кәсіптік одақтарының қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді, олардың жұмысының шеңберінде жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдемелерді, төлемдерді, өтемақыларды және жеңілдіктерді көздейтін еңбек заңнамасымен белгіленгендерден айтарлықтай асатын ұжымдық шарттар жасалды, мысалы, мынадай.

- бірінші некеге тұруымен, баласының тууымен байланысты, жақын туысының қайтыс болуымен байланысты жерлеуіне және т.б. төлемдер;
- жоғарыда көрсетілген жағдайлармен байланысты қосымша ақы төленетін демалыстар;
- компания жұмыскерлерінің балаларына сауықтыруға арналған балалар лагерлері;
- және көптеген басқада шаралар.

### **Компаниялар тобы жұмыскерлерін даярлау, оқыту және біліктілігін арттыру**

Персоналдың қозғалысы барынша болжалынған, жоспарланған және компанияны дамытудың жалпы тұжырымдамасына сәйкес болуы тиіс екендігін назарға ала отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін барлық мынадай мүдделі тараптары үшін жалпы кешендік тәсіл қажет: студенттер, білім беру ұйымдарының өкілдері және Қоғам. Сондықтанда, қалыптасқан бос орындарды жоспарлы толтыру мақсатында, сондай-ақ қызметті жедел басқару қабілетіне ие, осы немесе басқа бағыттағы лауазымға қойылатын талаптарға жауап беретін жас мамандар тобын қалыптастыру үшін ҚТГ жекелеген ЕТҰ-да Жас мамандарды даярлау қағидалары әзірленді және бекітілді. Осы ішкі құжат жас мамандарды даярлауда қажеттілікті айқындау тәртібін, кандидаттарды іріктеу, Қазақстан Республикасының алыс және

таяу шетелдегі оқу орындарына, оқытуға жіберу тәртібін сипаттайды. Қазіргі уақытта сыртқы кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі комиссия құрамы бекітілген, осы мәселе жөнінде жоғары оқу орындарымен хат алмасу жүргізіледі. Бұған қоса, «ҚазТрансГаз» АҚ тобында оқытудың және мамандар даярлаудың күнтізбелік жоспарына сәйкес мамандарды даярлау, оның ішінде шетелде оқыту жүргізіледі. ҚТГ компаниялар тобы ұйымдары үшін үздік техникалық жоғары оқу орындары базасында жоғары білімді мамандар даярлау жоспарланды.

ҚТГ жұмыскерлері Нұр-Сұлтан қ. «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» жеке мекемесінің базасында біліктілігін арттыру курстарына, сол сияқты Қазақстан Республикасының басқа да оқу орталықтарының базасында, алыс және жақын шетелдерде семинарларға, тағылымдамалар мен тренингтерге қатысады.

ҚТГ-да персоналды дамытуға бағытталған мынадай бағдарламалар қолданылады: «Даярлау және біліктілігін арттыру», сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленді. ҚТГ компаниялар тобы Кадрлық резерві қалыптастырылды.

«Даярлау және біліктілігін арттыру» – компания персоналын дамыту бойынша тұрақты әрекет ететін бағдарлама.

ҚТГ-да даярлауға және біліктілігін арттыруға бағытталған персоналды дамыту жөніндегі бағдарлама әрекет етеді. Жыл сайын ҚТГ бюджетінде персоналды оқытуға және біліктілігін арттыруға қаражат көзделеді. ҚТГ-да магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес магистральдық газ құбырларының техникалық объектілері арнайы дайындалған персоналмен пайдаланылуы тиіс.

Қауіптілігі жоғары қызмет көрсетілетін объектілерде персонал мемтехқадағалау жергілікті органдарымен келісілген бағдарлама бойынша арнайы құрылған кәсіпорындарда курстардан дайындықтан (даярлықтан) өтуі тиіс.

2020 жылы ҚТГ компаниялар тобы өткізген оқыту іс-шараларына 235 578 мың теңге жалпы сомаға 13 309 қатысушылар қатысты. Жұмыскерлер оқыту ұйымдарының базасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы оқыту орталықтарында да даярлықтан өтеді және өз біліктілігі деңгейін арттырады. Жұмыс персоналын кәсіби оқыту және дамыту ҚТГ кадрлық саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылады, себебі жұмыс кадрларының кәсіби деңгейі қауіпсіз өндірістің тиімділігін арттырудағы, еңбек өнімділігінің өсіміндегі және жұмыстар сапасын арттырудағы маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар ҚТГ Қоғам жұмыскерлерінің балаларын Қазақстанның жоғары оқу орындарында және алыс шетелдерде ЕТҰ және ҚТГ қаражаты есебінен оқытуды жүргізеді, олар оқуы аяқталғаннан кейін газ тасымалдау саласына жұмысқа оралады.

Қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылдан бастап «oStudy» персоналды бағалау, оқыту және дамытуға арналған бірыңғай платформа» ақпараттық жүйесі әрекет етеді.

ҚТГ компаниялар тобында 2013 жылдан бастап әлеуметтік тұрақтылық рейтингі жүргізіледі. Еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік мінез-құлық деңгейін тұрақты бағалау кадрлық саясаттың ажарамас бөлігі болып табылады және рейтингті зерделеуге бағытталған бірқатар іс-шараларды білдіреді.

2020 жылы зерттеудің әдіснамасы өзгерді. Әлеуметтік өзара іс-қимыл жасасу және коммуникациялар орталығы Samruk Research Services

платформасының шеңберінде телефонмен сауалнама әдісімен әлеуметтік зерттеу жүргізді. Зерттеуге сәйкес 2020 жылы Әлеуметтік тұрақтылық индексі 93%-ды құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 3%-ға өсім байқалады, бұл ҚТГ компаниялар тобындағы қолайлы атмосфера туралы куәлік етеді. 2020 жылы әлеуметтік тұрақтылық индексінің мәні барлық зерттеу уақытындағы ең жоғарғы мән болып табылады.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2020 жылы персоналдың жұмыстан кетуі 3%-ды құрады, 2019 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеді. Персоналдың жұмыстан кетуінің төменгі деңгейі компанияның дамуына жалпы қолайлы әсер етеді, ұжымның сапалы жаңаруына ықпал етеді, экономикалық жоғалтуларды, ұйымдық, кадрлық, технологиялық, психологиялық қиындықтарды елеулі төмендетеді.



## Корпоративтік

## басқару

ҚТГ Қазақстанның газ операторы бола отырып, 2028 жылға дейінгі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму стратегиясына сәйкес компанияны дамытуға және мынадай мақсаттарға қол жеткізуге өзінің ұмтылысын растайды: құнын жасау және қаржылық орнықтылықты нығайту, корпоративтік басқару және орнықты дамыту.

ҚТГ қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТГ тиімді корпоративтік басқару Қоғамды капиталдандырудың орнықты дамуының, корпоративтік қайшылықтардың туындай ықтималының төмендеуінің, инвесторлар үшін Қоғамның тартымдылығын ұлғайтудың, сондай-ақ имиджге оң әсер

етудің негізін қалаушы шарттар болып табылатындығына сүйенеді.

Корпоративтік басқару мақсаты ҚТГ тиімді қызметін қамтамасыз ету, оның акционерлік капиталының құнын ұлғайту, инвесторлар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыру болып табылады.

Қоғам, корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге үлкен назар аударады. 2015 жылы Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді. Қоғамның Корпоративтік басқару қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі №239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген.

Қоғам Жалғыз акционердің, Қоғам менджемментінің және мүдделі тұлғалардың мүдделері арасында теңгерімді орнатуға ұмтылады, бұл ретте ҚТГ корпоративтік басқару жүйесі холдингтік компания ретінде өзіне бірден мынадай бірнеше корпоративтік баспалдақ деңгейлерін қамтиды: акционерлердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі, ҚТГ атқарушы органы және ЕТҰ ұқсас басқару органдары.

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша дайындық іс-шаралары шеңберінде холдингтің ұйымдастырушылық құрылымына өзгерістер енгізілді: ҚТГ – газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде меншіктілік құрылымын сейілту мүмкіндігін шектеуге, ақпаратты ашуға кешіктірулерді азайтуға, басқарушылық шешімдер қабылдау рәсімдерін оңтайландыруға арналған корпоративтік орталық болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі және ҚТГ мен ЕТҰ сияқты атқарушы органдар арасында функцияларды ақылға қонымды бөлу жарғыларда бекітілген және ЕТҰ менеджментіне ағымдағы басқарушылықты жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

ЕТҰ-ға қатысты ҚТГ корпоративтік басқару мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін бизнесті трансформациялау шеңберінде олардың корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде лауазымдық тұлғаларының өкілеттіктері мен жауапкершілігін қайта бөлуді және регалменттеуді, кез келген акционерлік компания үшін танылған қағидаттардан басқа, корпоративтік өзара іс-қимыл жасасудың бизнес-процестерін оңтайландыруды білдіретін ұйымдастырушылық құрылымдарын қайта жобалау жүргізіледі.

ҚТГ-ға корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттары енгізілуде (акционерлердің және мүдделі тараптардың құқықтарын сақтау, ақпараттық ашықтық, тиімді директорлар кеңесінің болуы, компанияның басқару органдарының арасында өкілеттіктерді және жауапкершіліктерді бөлу, меншіктіліктің айқын құрылымы, ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің болуы), ҚТГ-да ҚТГ және оның ЕТҰ үшін жалпы стратегиялық мақсаттары үшін іске асыруды қамтамасыз ететін корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттарына сәйкес болу қағидатын ерекше атауға болады.

ҚТГ-ның ЕТҰ қызметіндегі мүдделері өзіне мынадай негізгі бағыттарды қамтитын корпоративтік басқару (немесе бағдарламаны) саясатын әзірлеуде және орындауда іске асырылады:

- ЕТҰ қызметінің қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау, оның ішінде ЕТҰ бағыттарын айқындау және табысын бөлуді бақылау;
- ЕТҰ қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау, оның ішінде ЕТҰ активтерімен мәмілелер жасасу;

- бизнесті басқару саласында ЕТҰ ішкі процестерінің тиімділігін іркіліссіз арттыру;
- ЕТҰ инвестициялық тартымдылығын және күрделендіру өсімін қамтамасыз ету;
- ЕТҰ кадрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

Жалғыз акционер, қатысушыларды қамтитын корпоративтік басқару моделін айқындады: «белсенді» акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және ішкі аудиттің орталықтандырылған қызметі.

### Акционермен өзара іс-қимыл жасасу

ҚТГ жалғыз акционері ҚМГ болып табылады. ҚМГ ҚТГ-да корпоративтік басқарудың қалыптастыруда және дамытуда белсенді рөл атқарады. ҚМГ мынадай жолдармен ҚТГ-ны корпоративтік басқаруды дамытуға жәрдемдеседі:

- 2007 жылы Корпоративтік басқару кодексін енгізу және Қазақстан Республикасының Үкіметі 2015 жылғы сәуірде бекіткен жаңа Корпоративтік басқару кодесін әзірлеуге қатысу;
- Корпоративтік басқару деңгейін диагностикалауды қоса алғанда корпоративтік басқару стандарттарын енгізу кезінде әдіснамалық қолдау көрсету.

### Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу ҚТГ және ЕТҰ тиісті органдары арқылы бекітілген корпоративтік рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

ҚТГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуының негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- ҚТГ мен ЕТҰ тұрақты қаржылық дамуын, табыс табуын қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- акционерлердің ЕТҰ акционерлерінің заңмен қорғалатын мүдделерін және құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;
- ҚТГ және ЕТҰ акционерлері, лауазымдық тұлғалары және жұмыскерлері арасындағы қатынастарды үйлесімдендіру, олардың арасында және көрсетілген топтар ішінде қақтығыстардың туындауын болдырмау бойынша жүйелік шаралар қабылдау;
- ҚТГ мен ЕТҰ үйлестірілген және тиімді инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.

#### **ҚТГ компаниялар тобында корпоративтік басқару механизмдері**

- Еншілес және тәуелді ұйымдармен тігінен басқару жүйесін тұрғызу;
- ЕТҰ-да бірыңғай корпоративтік стандарттарды енгізу;
- ЕТҰ басқару органдарына өз өкілдерін жылжыту;
- ЕТҰ Директорлар кеңесіне күн тәртібі мәселелері бойынша Қоғам өкілдерінің ұсынымдары негізінде талқыланатын мәселелер бойынша өкілдерінің еркін дауыс беруін қамтамасыз ету;

- ЕТҰ қызметін басқару органдарындағы өкілдері арқылы бақылауды ұйымдастыру, қаржылық-шаруашылық қызметті тексеруді жүргізу, аудиторды сайлау және басқалары.

### **Корпоративтік басқару органдары**

ҚТГ Корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

1) Жалғыз акционер – жоғары орган;  
 2) Директорлар кеңесі – Қоғамның жалпы қызметін жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқару органы. Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады, олардың екеуі тәуелсіз директор болып табылады.

3) Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

20120 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҚТГ Басқармасы алты адамнан құралды.

### **Директорлар кеңесінің құрылымы**

2020 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесі мыналар болып табылатын бес мүшеден құралды:

<b>Директордың Т.А.Ә.</b>	<b>ҚТГ-дағы лауазымы</b>
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сулейманов Рустам Эдуардович	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы №1/2017 хаттамасы) ҚТГ Директорлар кеңесі 2017 жылғы 20 ақпаннан бастап 3 жылға қайтадан сайланды.

2020 жылдың ішінде ҚТГ Директорлар кеңесінің құрамы мынадай түрде өзгерді:

Жалғыз акционердің шешімдерімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 13 ақпандағы №1/2020 хаттамасы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2020 жылғы 3 ақпандағы №2 хаттамасы) өкілеттіктері мерзімінің аяқталуымен байланысты ҚТГ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды:

ҚТГ Директорлар кеңесінің төрағасы – Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы;

ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшелері:

- Серді Ибулла Жұмағұлұлы;
- Сәулебай Мәлік Оралұлы;
- Сулейманов Рустам Эдуардович;
- Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – тәуелсіз директор;
- Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – тәуелсіз директор.

Жалғыз акционердің шешімдерімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 5 қарашадағы №13/2020 хаттамасы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қарашадағы №45 хаттамасы) досрочно прекращены полномочия ҚТГ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Қаматайұлы Шәріпбаевтың және ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшелері Ибулла Жұмағұлұлы Сердінің және Рустам Эдуардович Сулеймановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, ҚТГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбеков сайланды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы:

<b>Директордың Т.А.Ә.</b>	<b>ҚТГ-дағы лауазымы</b>
Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сәулебай Мәлік Оралұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

ҚТГ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі А.А.Нұрғазиевтің және С.Ж.Жаманбалиннің тәуелсіз директорлар екендігінің фактісін белгіледі:

- оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын тәуелсіздік өлшемшарттарына сәйкес келеді;
- оларға өз міндеттемелерін орындау және Жалғыз акционер мен ҚТГ мүдделерінде барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімдерге, біліктілікке, оң жетістіктерге және Қазақстанның газ саласындағы іскерлік ортада мүлтіксіз репутацияға ие;
- «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз директорлар ретінде тануға әсер етуі мүмкін қатынастарға немесе жағдайларға жол бермейтін талаптарына сәйкес келеді.

**Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына келуі**

<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Келу саны</b>	<b>Келу пайызы</b>
Жақсыбеков Ә.Р.	Директорлар кеңесінің төрағасы	2-ден 2	100%
Шәріпбаев Қ. Қ.	Директорлар кеңесінің мүшесі	14-тен 14	100%



Сәулебай М.О.	Директорлар кеңесінің мүшесі	12-ден 12	100%
Нұрғазиев А.А.	Тәуелсіз директор	14-тен 14	100%
Жаманбалин С.Ж.	Тәуелсіз директор	14-тен 14	100%

- Қоғам Директорлар кеңесінің есептік кезеңде 14 отырысы (14 бетпе-бет) өткізілді. Қаралған мәселелердің жалпы саны 93 құрады.

### **Директорлар кеңесінің жауапкершілігі**

Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында тиімді басқару және Қоғам қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты болады және шешімдер қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің анағұрлым маңызды функциялары Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, ірі мәмілелерді жасасу және басқа да елеулі мәселелер туралы шешім қабылдау болып табылады.

### **Басқарманың жауапкершілігі**

Өз кезегінде, Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерді іске асыру бойынша және Қоғамның қаржылық-шаруашылық және ағымдағы мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін жауапкершілік алады. Басқарма Директорлар кеңесі алдында Қоғамның бизнес-жоспарына қол жеткізу үшін жасалған жұмыстардың жай-күйі үшін есеп береді.

Осылайша, барлық қатысушылардың өз өкілеттіктерінің корпоративтік қатынастарын, жауапкершілік салаларын, есеп беретіндіктерін, құқықтары мен міндеттемелерін, Қоғам жарғысында анық бекітілген көрсетілген аспектілерді түсінуі мүдделер қақтығыстары тәуекелін төмендетеді, тиісінше қағидаттардың біртұтас көрініс табуын және корпоративтік басқару құрылымдарын құрады.

### **Басқарма құрылымы**

**2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҚТГ Басқармасының құрамына Басқарма басшысын және оның орынбасарларын қоса алғанда жоғары буынның басшылары кірді.**

### **Басқарма мүшелері**

<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Кезең</b>
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Басқарма Төрағасы	05.11.2020 ж. бастап
Серді Ибулла Жұмағұлұлы	Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары	05.11.2020 ж. бастап
Абайылданов Бекзат Қалышпекұлы	Басқарма Төрағасының геологиялық барлау және өндіру жөніндегі орынбасары	06.03.2020 ж.
Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы	Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	06.12.2018 ж. бастап

Сулейманов Рустам Эдуардұлы	Басқарма Төрағасының өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары	11.12.2015 ж. бастап
Хван Валентин Борисович	Басқарма Төрағасының тасымалдау және техникалық саясат жөніндегі орынбасары	05.11.2020ж. бастап

### **ҚТГ Басқармасы құрамына қатысты 2020 жылы қабылданған ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімдері**

ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімімен (27.03.2020 ж. №3 хаттама, 4-тармақ):

- Қоғам Басқармасының мүшесі С.А.Брекешевтің өкілеттіктері 2020 жылғы 4 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- Қоғам Басқармасының мүшесіне Б.Қ. Абайылданов 2020 жылғы 6 наурыздан бастап сайланды(тағайындалды).

ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімімен (28.08.2020 ж. №10 хаттама, 3-тармақ):

- Қоғам Басқармасының мүшесі Н.В.Рубановтың өкілеттіктері 2020 жылғы 4 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- Қоғам Басқармасының мүшесіне Ә.Н.Нұралин 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап сайланды (тағайындалды).

ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімімен (03.11.2019 ж. №12 хаттама, 9-тармақ):

- Қоғам Басқармасының мүшелері Е.Ұ.Темірхановтың, Н.У.Абдыгулованың, П.И.Ледниковтың өкілеттіктері 2020 жылғы 4 қарашадан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- Қоғам Басқармасының мүшелеріне И:Ж.Серді, Р.Э.Сулейманов, В.Б.Хван 2020 жылғы 5 қарашадан бастап сайланды (тағайындалды).

### **ҚТГ Басқармасының отырыстары және қабылданған корпоративтік шешімдері туралы жалпы мәліметтер**

2020 жылдың 12 айында Қоғам Басқармасы:

**43** отырыс өткізді;

**182** мәселелер қарады, олардың ішінде:

Қоғам қызметіне қатысты мәселелер – **128**;

еншілес және тәуелді ұйымдар қызметіне қатысты мәселелер – **54**.

### **Қоғам Басқармасының қарауына шығарылған мәселелердің жалпы санынан:**

Қоғам Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған алдын ала мақұлданған мәселелер– **107**;

Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер – **75**.

За 12 месяцев 2020 года Правлением Общества:

- проведено заседаний – **43**;

- рассмотрено вопросов – **182**, из них:

вопросы, касающиеся деятельности Общества – **128**;

вопросы, касающиеся деятельности дочерних и зависимых организаций – **54**.

**Жасасуға қатысты ерекше талаптар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер:**

Жасалуына мүдделілік бар Қоғам Басқармасы қараған мәмілелердің жалпы саны – **33**, оның ішінде:

- алдын ала мақұлданған және Қоғам Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер – **14**;

- жасасуға қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен ерекше талаптар белгіленген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларының шеңберінде бекітілгендер – **19**.

**Есептік кезеңде атқарушы орган - басшы ретіндегі Басқарманың ағымдағы қызметінің негізгі міндеті «ҚазТрансГаз» АҚ Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Басқарма туралы ережеде бекітілген қағидастарға сәйкес жүзеге асырылды.**

## Тұрақты даму

ҚТГ көп жылдық тарихы Комнаия іске асыратын стратегия соңғы кезде кең қоғамдық мақұлдауға ие орнықты да моделімен келісілетіндігін куәландырады. Тұрақты даму моделінің негізгі талаптарын біз осы және келешек ұрпақтың мүдделеріндегі ресурстарды үйлесімдендіріп және үнемді пайдаланудан көреміз. Тұрақты дамудың бағдарлары бізге Компанияның қызметін энергиямен қамтамасыз ету, зиянды шығарылымдарды азайту, әлеуметтік прогресті жылдамдату сияқты халықаралық маңызды проблемаларды шешуге бағытталған жаһандық күш-жігер арнасына құруға көмектеседі.



GRI нұсқаулығына сәйкес Есепті дайындау процесінде жүргізілген ҚТГ қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметік көрсеткіштерінің кешенді талдауы Компания орнықты дамытудың негізгі қағидаттарына сүйенетіндігін растайды.

**Сенімділік.** ҚТГ-ның көгілдір отынды сенімді жеткізуші ретіндегі сипаттамасы өзіне мықты және серпінді дамып келе жатқан ресурстық базаны, мықты және ұдайы дамып жетілдірілген газ тасымалдау инфрақұрылымын, серіктестермен ұзақ мерзімді контрактілік өзара қарым-қатынастардың тұрақты жүйесін біріктіреді.

**Рациональдылық.** Тұтынушылардың ағымдағы және келешетегі сұрауларын рациональды қанағаттандыру біз үшін газ өндіру көлемдерін айқындау кезінде басты бағдар болып табылады. Тек қана осындай тәсіл газ тасымалдау қуатын дамытумен кешенде кен орындарын игерудің ірі ауқымды жобаларын іске асырудың кезектілігі туралы сараланған шешімдерді қабылдау үшін қажет болады. ҚТГ ақымдарында өндірістік ресурстарды есеппен пайдалану – тиімділіктің қолданыстағы және түбінде Компанияның бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші болады. Сондықтанда ресурстарды рациональды пайдалану өндірістік процестердің ажырамас сипаттамасы болып табылады.

**Қауіпсіздік.** Салалық специфика өз қызметінің өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігінің қатаң талаптарын алдын ала анықтайды. ҚТГ объектілерінің өнеркәсіптік қауіпсіздігін басқару жүйесі газ өндіру, тасымалдау, өңдеу және пайдалану объектілерінің тіршілік цикліндегі барлық кезеңдерде өнеркәсіптік және технологиялық қауіпсіздік талаптарын белгілейтін халықаралық стандарттар негізіне құрылады.

**Әлеуметтік жауапкершілік.** Қызметті жүзеге асыра отырып, ҚТГ біздің қызметті тұрақты дамытудың әлеуметтік-экономикалық өрлеуге, экологиялық жағдайды жақсартуға, өңірлерде халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал етуі үшін бар күш-жігерін салады.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобының жұмыскерлері үшін тұрақты дамыту саласындағы іс жүзіндегі тренинг сәтті өтті.

### «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алудағы жергілікті қамту (ЖК)

- Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында ҚТГ жыл сайын отандық тауар өндірушілер арасында тікелей өткізілген сатып алу санын, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ бекіткен нормативтік құжаттармен көзделген механизмдерді қолдана отырып, ұлғайтады.
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға жәрдемдесу және жаңаларын құру жөніндегі 2014-2022 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде есептік кезең үшін ҚТГ компаниялар тобы үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерімен офф-тэйк субъектілермен шарттар жасасылды. Жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасы шеңберінде қолдаудың басты құралы кепілдендірілген тікелей сатып алу механизмі болып табылады. Сондай-ақ шағын бизнесті қолдау бағдарламасының бірі «қарапайым заттардың экономикасы» болып табылады. Бұл күнделікті пайдаланылатын тауарлар. Бұларға жеңіл, жиһаз, тағам өнеркәсібі, құрылыс материалдары жатады. Осылайша, ҚТГ компаниялар тобы бойынша «қарапайым заттар экономикасын» дамыту шеңберінде өнім берушілер өндіретін тауарлар сатып алынды.
- Өндірісті дамытуда отандық бизнесті қолдау шеңберінде ҚТГ компаниялар тобы бойынша зауыттарға және кәсіпорындарға өндірісті жабдықталу мәнін, жарамдылығын және ҚТГ-ға әлеуетті қызықты өнімдерді дайындау үшін жабдықтың тиімділігін көзбен көріп алдын ала бағалауды жүргізу мақсатында тұрақты баруды жүзеге асыратын жұмыс топтары құрылды. Қоғамның өкілдері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ және «Атамекен» Қазақстанның ұлттық кәсіпкерлер палатасы өткізетін жергілікті қамту, сондай-ақ импорт алмастырушы мәселелер жөніндегі мәжілістерге, дөңгелек үстелдерге тұрақты қатысады.
- Әзірленетін және іске асырылатын инвестициялық жобалардағы жергілікті қамту мониторингі механизмі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі үйлестіру комитетінің қарауына оларды шығару жолымен сәтті жұмыс істейді. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде шарттарға Холдинг тауар өндірушілерінен тауарларды міндетті сатып алу туралы талаптар қосылды.
- Шарттарда жергілікті қамту үлесі туралы шынайы ақпарат ұсыну мақсатында жергілікті қамту үлесі жөнінде есептілік ұсыну, мәліметтерді ұсынбағаны үшін жауапкершілік бойынша тармақтар көзделген.
- ҚТГ-ға сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде оның барысында «Самұрық-қазына» ҰӘҚ АҚ ақпараттық деректер базасын, оның ішінде Холдингтің тауар өндірушілерінің тізілімін, сондай-ақ уәкілетті органның айрықша отандық тауар өндірушілер арасында сатып алуды жүргізудің

артықшылығын белгілеу мақсатында отандық тауар өндірушілер және олар өндіретін тауарлар туралы мәліметті қамтитын тиісті ақпараттық деректер базасын пайдаланумен отандық тауарлар нарығы мониторингі жүзеге асырылатын еншілес ұйымдардың сатып алу жоспарларын келісу бойынша өкілеттіктер берілген.

- Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді таңдау кезінде маңызды аспект қорытындыларына әсер ететін бұзушылықтарға жол бермей Қордың сатып алу қағидаларына нақты сәйкестікте сатып алу рәсімдерін жүргізу болып табылады. Осы көрсеткіш ҚТГ мен оның ЕТҰ басшылық жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері картасына енгізілген.
- 2020 жылға арналған сатып алу жалпы көлеміндегі ҚТГ компаниялар тобы бойынша жергілікті қамтудың жалпы үлесі 87%-ды құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша – 96%, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер – 80%. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезіндегі жергілікті қамту үлесінің есебі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және дамыту министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі негізінде жүргізіледі.

### Корпоративтік қауіпсіздік

ҚТГ компаниялар тобы объектілеріндегі корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен ҚТГ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

ҚТГ корпоративтік қауіпсіздік қызметі (КҚК) 2020 жылдан бастап ҚТГ корпоративтік қауіпсіздігі бірыңғай жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарымен ҚТГ мен ЕТҰ меншікті, экономикалық және өзге де мүдделерін қорғау бойынша өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар ұйымдық-тәжірибелік шараларды іске асырды.

ҚТГ компаниялар тобында қауіпсіздікті басқару жүйесінің тұтастығын ұйымдастыру мақсатында, персоналдың, мүліктің ақпараттың сақталуын, экономикалық, ақпараттық, физикалық және ішкі қауіптерді анықтау және болдырмау арқылы бизнес-процестердің іркіліссіздігін қамтамасыз ету үшін «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2017-2020 жылдарға арналған қауіпсіздік бағдарламасы әрекет етеді.

Көрсетілген Бағдарламаны іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес КҚК ЕТҰ-мен («ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АӨ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС, «ҚМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС ) өзара іс-қимыл жасасу үшін мынадай негізгі бағыттар бойынша жүйелік жұмыс өткізді: экономикалық, ішкі, ақпараттық және физикалық қауіпсіздік.

ЕТҰ бірінші басшыларының бұйрықтарымын ЕТҰ копоративтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жауаптылар бекітілді.

ҚТГ стратегиялық мақсаттарына қолжеткізуде басшылыққа қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесін белгілеу жолымен жәрдем көрсету мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ қауіпсіздігі саясаты ішкі құжат қолданылады.

КҚҚ жұмысында Саясатқа сәйкес басымдық қауіптерді теріс дамытуға ықпал ететін үрдістерді және алғышарттарды уақтылы анықтауға және алдын алу шараларын әзірлеуге беріледі.

Осыған байланысты тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді анықтауды қоса алғанда негізгі бағыттар (экономикалық, ішкі, ақпараттық және физикалық қауіпсіздік) бойынша тәуекелдерді (қауіптерді) талдау жүргізіледі.

ҚТГ компаниялар тобында лауазымдық міндеттемелерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және шынайылық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін жұмыскерлердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» ішкі құжат қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мүлтіксіз шараларды қабылдауға бағытталған жүргізілген кешенді жұмыс шеңберінде ҚТГ компаниялар тобының жұмыскерлері үшін «ҚазТрансГаз» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» ішкі құжат қолданылады.

2020 жылы ҚТГ жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлық жағдайлары тіркелмеді, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жұмыскерлерді жұмыстан босату немесе жазалау жүргізілмеді. Көрсетілген негіздері бойынша Жұмыскерлермен еңбек шарттары бұзылмады, қылмыстық істер қозғалмады. ЕТҰ желісі бойынша ұқсас мәліметтер түспеді және тіркелмеді. Қауіпсіздік оқиғаларының электрондық деректер базасын өзекті жай-күйде қалыптастыру және ұстау бойынша функциялар диспетчерлендіру және газ тасмалдау департаментіне жүктелді. 2019 жылы қауіпсіздік оқиғалары тіркелмеді.

ҚТГ компаниялар тобының террористтік қатынастарға әлсіз өндірістік және әкімшілік ғимараттарын терроризмге қарсы қорғау мақсатында ЕТҰ-мен бірлесіп құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасудың жоспарлары (схемалары), теракт жасалу қаупі туындаған жағдайдағы жұмыскерлердің іс-қимылы жөніндегі нұсқаулық әзірленді.

ҚТГ-да «Ақпараттық қауіпсіздік жөнінде саясат» ішкі құжат қолданылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеу шеңберінде ҚТГ-ның ақпараттық қауіпсіздік бөлігінде қорғалу дәрежесіне сәйкестігін анықтау үшін «АҚПАРАТТЫҚ ҚОРҒАУ» ҒАП ЖАҚ АҚ қамтамасыз ету жүйесін зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында «ҚазТрансГаз» АҚ-ның компаниялар тобының инфрақұрылымының АТ сыртқы және ішкі ену мәніне тест, сондай-ақ персонал үшін әлеуметтік техникалық тест сәтті өтті. Тестілеу нәтижелері бойынша инфрақұрылым жұмысын бұзу және персонал мен

серверлер деректерін бақылауды алуға мүмкіндік туғызылмады. 2020 жылы ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқиғалар тіркелмеді.

Қауіпсіздікті жетілдіру бойынша әртүрлі ұйымдық-техникалық іс-шаралар әзірленуде. Мерзімді лауазымдық тұлғалар күзет ұйымдарының жұмысын тексеруді жүргізеді, сондай-ақ бірлескен жаттығулар жоспарланады.

ҚТГ және ЕТҰ өз қызметінде кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ҚТГ компаниялар тобы ұйымдарында қауіпсіздік жүйесін кезеңмен реформалау бойынша іс-шараны орындайды, Қазақстан Республикасының заңнамасын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ұйымдардың жарғыларын, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бөлімшелер туралы ережелерді басшылыққа алады.

## Кредиттік рейтингтер мен борыштық қоржынды басқару

2020 жылы Standard&Poor's, Fitch Ratings және Moody's халықаралық рейтингтік агенттік ҚТГ ұзақ мерзімдік корпоративтік рейтингін тиісінше «BB», «BBB-» және «Baa3» деңгейінде растады, рейтинг бойынша болжам «тұрақты».

Рейтингтік агенттік	Компания	Растау күні / рейтингті өзгерту	Рейтинг	Болжам
<b>Standard &amp; Poor's</b>	ҚТГ	2020	BB	Теріс
<b>FitchRatings</b>	ҚТГ	2020	BBB-	Тұрақты
<b>Moody's</b>	ҚТГ	2020	Baa3	Оң

ҚТГ қарыз қаражат тарту процесі, қарыздық міндеттемелердің барынша рұқсат етілген деңгейін қоса алғанда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ қарызды басқару қаржылық тұрақтылық саясатымен («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Басқармасы 2017 жылғы 12 қаңтарда бекіткен) регламенттелген.

Қарыздық жүктеме деңгейін төмендету мақсатында 2020 жыл ішінде ҚТГ 44 млн. USD сомаға Еурооблигацияларды ішінара-мерзімінен бұрын сатып алу жүргізілді, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алдындағы ұзақ мерзімдік 14,9 млрд. KZT. сомадағы қарыз мерзімінен бұрын өтелді.

Бұған қоса, топтың қаржылық тұрақтылығын арттыру шеңберінде 200 млн. USD жалпы сомаға ВТБ тобынан ресей рублінде қарыз тарту жолымен ING Bank N.V. алдындағы АҚШ долларында тартылған синдикатталған қарызды қайта қаржыландыру жүргізілді, бұл валюталық тәуекелдерді төмендетумен қатар ковенанттық пакетті жеңілдетуге (қаржылық ковенанттарды жою есебінен) мүмкіндік берді, сондай-ақ 2021 жылы кассалық алшақтықтардың туындауы тәуекелін жоюға мүмкіндік берді (ING Bank N.V. алдындағы қарызды жою мерзімі – 2021 жылғы наурыз).

### «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған несиелік қоржыны



Қарыз беруші	Кредитор	Шарт / шығарылым проспектісі бойынша сома	Валюта	Ағымдағы берешек
«ҚазТрансГаз» АҚ	Еурооблигациялар	750 000 000	USD	706 320 000
«ҚазТрансГаз» АҚ	ВТБ Банк ЖАҚ және ВТБ Қазақстан	15 151 500 000	KZT	15 151 500 000
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Еуропалық реконструкциялау және даму банкі	53 400 000 000	KZT	33 869 916 511
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Еуропалық реконструкциялау және даму банкі	19 000 000 000	KZT	12 740 488 018
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Еуропалық реконструкциялау және даму банкі	20 000 000 000	KZT	11 814 910 133
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның Даму Банкі	74 027 075 951	KZT	44 626 285 740
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Халықаралық инвесторлар	30 500 000 000	KZT	5 000 000 000

2020 жылғы 31 жетоқсандағы жай-күй бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ шоғырландырылған қарызының жалпы мөлшері 1,166 млрд. АҚШ долл. құрады.

Ковенант	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Қарыз*/ЕБИТДА <=4.0	2,2	2,37	2,1

\*Кепілдік сомасы ҚЕХС сәйкес амортизациялық құн бойынша есепке алынған

2020 жылғы 31 жетоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының қалдығы, млн. теңге.

Кезең аяғындағы ақша қаражатының және олардың баламаларының қалдығы (в млн. теңге).

Остаток денежных средств и их эквивалентов на конец периода (в млн. тенге)



## Заклучение независимого аудитора



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Аль-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, д. 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esental Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 59 60  
Fax: +7 727 258 59 61  
www.ey.com/kz

### Аудиторский отчет независимого аудитора

Акционеру, Совету директоров и руководству АО «КазТрансГаз»

#### **Мнение**

Мы провели аудит консолидированной финансовой отчетности организации АО «КазТрансГаз» и ее дочерних организаций (далее - «Группа»), состоящей из консолидированного отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2020 года, консолидированного отчета о совокупном доходе, консолидированного отчета об изменениях в собственном капитале и консолидированного отчета о движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, а также примечаний к консолидированной финансовой отчетности, включая краткий обзор основных положений учетной политики.

По нашему мнению, прилагаемая консолидированная финансовая отчетность отражает достоверно во всех существенных отношениях консолидированное финансовое положение Группы по состоянию на 31 декабря 2020 года, а также ее консолидированные финансовые результаты и консолидированное движение денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (далее - «МСФО»).

#### **Основание для выражения мнения**

